Қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Қостанай қаласы, № 15 мектеп.
E-mail: zhumanovna61@mail.ru

***Аңдатпа.** Замануи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. «Сабақты зерттеу» үрдісінің түйінді сипаты креативтілік пен ғылыми дәлдік болып табылады. ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаев халыққа жолдауында: «Қазіргі таңдағы басты міндетіміз түрлі тиімді бағдарламалар есебінен білім беру мазмұнын жаңартуды жалғастыру болып табылады» деп атап өтті. Білім беру саласында оқушылардың танымдық білімін қалыптастырумен қатар білік-дағдыларын дамыту да тең дәрежеде қарастыру қажеттілігі танылып отыр. Білім берудің жаңа мазмұны бойынша сабақ үрдісінде берілетін теориялық білімді оқушылардың өмірде қолдана білуіне жан-жақты басымдық берілген.*

***Аннотация.** Целью каждого учителя в современной школе является повышение его профессиональных навыков в соответствии с современными требованиями. Ключевой характеристикой процесса изучения является креативность и научная точность. Первый Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев в своем послании народу отметил: «Наша главная задача сегодня - продолжить модернизацию содержания образования с помощью различных эффективных программ». В области образования возникает необходимость развития умений учащихся, а также формирования познавательных знаний учащихся. Особое внимание уделяется способности применять теоретические знания в жизни учащихся в контексте нового содержания образования.*

***Abstract.** The purpose of each teacher at the modern school is to upgrade his professional skills in line with the modern requirements. The key characteristic of the process study is the creativity and scientific accuracy. The First President of the Republic of Kazakhstan, N.Nazarbayev, noted in his message to the people: "Our main task today is to continue the modernization of the content of education through various effective programs." In the field of education there is a need to develop the skills of the students, as well as the formation of cognitive knowledge of the students. There is a comprehensive emphasis on the ability to apply the theoretical knowledge in the life of the learners in the context of the new content of education.*

***Түйін сөздер:** сабақты зерттеу, шығармашылық, танымдық жаттығулар, дарындылық, топтық тапсырмалар.*

***Ключевые слова:** занятия в классе, творческие, познавательные упражнения, одаренность, групповые задания.*

***Keywords:** classroom studies, creative, cognitive exercises, giftedness, group assignments.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Білім және Ғылым қызметкерлерінің III съезінде: "Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнімен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін жаңа фармацияның педагогы қажет" деп айтқан болатын. Бұл мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Ендеше, инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу болып саналады. Қазіргі оқытуда бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал бүгін өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Бастауыш сатыда оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштер тәсілдері ретінде деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. [5]

Оқушының дайындық деңгейін саралау оқушының жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады. Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының іс-әрекеттік - компетенттік тәсілге (өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту) бейімделуіне мүмкіндік береді. әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Зинков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М. Монахов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады. Ал орта буынға келсек, бұл кезеңде оқу жетістіктерінің өлшеуіштер тәсілдері ретінде деңгейлік тапсырмалар жүйесін жас ерекшеліктеріне қарай күрделендіре түсеміз.[3,62б]

Рефлексия сабақты зерттеудің -дің құрамдас бөлшектерінің бірі болып табылады деп айтуға болады. Соған қарамастан, Lesson Study тәсілін енгізу жөніндегі қызметті кәсіби деп атау үшін белгілі қағидаттар мен тәжірибелік амал-шаралар сақталуы керек. Нақты айтқанда, Lesson Study мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі болып табылады және де іс-әрекеттегі зерттеу сияқты бірқатар циклдерді қамтиды. Lesson Study-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. Lesson Study-дің түйінді сипаты креативтілік және ғылыми дәлдік болып табылады. Креативтілікті оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс істейтін мұғалімдердің істерінен көруге болады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді. Зерттеу жүргізетін топ әдетте кемінде үш мұғалімнен тұрады, бұл тәжірибесі мен білімдері бір-біріне жайлы әсер ететін фактор болып есептеледі. Топ мұғалімдері көп жағдайда бір мектепте жұмыс істейді, бірақ тәжірибені жақсарту мақсатында бірлесе жұмыс істеу үшін басқа мектептердің мұғалімдері де тартылуы мүмкін. Кейде топты кәсіби ұйымдастыру үшін белгілі бір тәсілдерді немесе оқу бағдарламаларының аспектілерін пайдалану саласында мол жұмыс тәжірибесі бар, тиісті дайындықтан өткен мұғалімдер арнайы шақырылуы мүмкін. Зерттеу барысында барлық топ мүшелері толық көлемде және бірдей дәрежеде үдеріске тартылады. Тек бір мұғалім ғана сабақ беретіндігіне қарамастан, зерттеу үшін бүкіл топ өзіне жауапкершілік алады және оқыту мен сабаққа берілген кез келген баға жеке мұғалімге емес, тұтастай барлық топтың жұмысына қатысты беріледі. [2, 39-б]

Lesson Study тәсілінің тағы бір демократиялық ерекшелігі – мұғалім зерттеу барысында жинақтаған білімімен педагог қауыммен кеңінен бөлісетіндігінде. Lesson Study тәсілін іске асыру барысы Lesson Study тәсілі бастапқы кезеңде оны бірлесіп егжей-тегжейлі жоспарлауды көздейді. Содан соң топтың бір мүшесі зерттеу сабағын өткізеді, ал қалған мүшелері - қадағалайды. Зерттеу сабағы аяқталғаннан кейін бүкіл топ мүшелері бірден оқушылардың оқу үдерісіне қатысты барлық нәтижелерін жүйелейді және талдайды, содан кейін Lesson Study-дің анағұрлым тиімді болуын қамтамасыз ету үшін оқу үдерісінде алынған нәтижелерді есепке ала отырып, жұмысты бірлесе қайта жоспарлайды. Lesson Study үдерісінде бірталай уақыт бойы қалыптасқан және орныққан мынадай бірқатар қадамдар бар:

- Lesson Study тобы өзара келісе отырып, оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайды, үдеріс барысында барлық мүшелер бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болу керек.
- Топ зерттеудің түйінді идеяларын келісіп алады, ол әдетте сұрақ түрінде келіп, нені, кімді оқытуды анықтайды, мәселен, «Өздерінің оқуын жақсарту үшін Х-ті Y-тің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға қалай үйрете аламыз?» деген сияқты.

- Топ мүшелері түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеу үшін әдебиеттерді зерделеп, жоспарлау кезінде оларды қолдану үшін нәтижелерін қорытады.
- Топ қандай сынып және қандай үш «бақылаудағы оқушы» назарға алынатынын, сондай-ақ қандай сыныптар оқу үлгерімі жоғары, орта және төмен сыныптар болып саналатынын шешеді.
- Топ зерттеу сабағын жоспарлайды, жоспарда «бақылаудағы оқушылардың» сабақта өтілетін материалды игеруіне ерекше мән беріледі.
- Бір мұғалім зерттеу сабағын жүргізеді, осы уақытта басқалары – «бақылаудағы үш оқушыны» басты назарға алып, сабақты қадағалайды және қажет деген жерлерін белгілеп, түртіп алып отырады.
- Мұғалімдер осы зерттеу сабағы туралы олардың пікірін түсіну үшін бірнеше оқушымен сұхбат жүргізеді.
- Топ зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізеді. Талқылау белгіленген құрылым бойынша жүреді: жоспарлау үдерісінде жасалған алдын ала болжамдарды салыстыра отырып, «бақылаудағы оқушылардың» оқуын қадағалау және болған айырмашылықтардың себебін белгілеу; сыныптың тұтастай оқытылуы; зерттеу сабағының барысы және оқыту үдерісі; белгіленген және зерделенген негізге сәйкес келесі зерттеу сабағының мақсатын белгілеу.
- топпен бірлесіп келесі Lesson Study-ді жоспарлау.

Lesson Study топтамасынан кейін (ереже бойынша үш немесе одан көп сабақ) топ оқыту тәсілі мен оқу бағдарламаларына енгізілетін және көпшілікке таратылатын өзгерістерді келіседі.

1. Lesson study – дiң басты мақсаты оқушыларға бiлiм алуға көмектесу, топ мүшелерiнiң кәсiби дамуына ықпал ету

2. Lesson study – дiң ерекшелiктерi. Жеке оқушылардың қажеттiлiктерiне қарап оқыту. Мұғалiмдермен бiрiге отырып жұмыс iстеу.

3. Мұғалiмдердiң зерттеуi. Оқытудағы жаңашылдықты бағалау. Iс –әректтегi зерттеу кәсiби жұмыстың кейбiр аспектiлерiн жақсартады. Кейс –стади- сыныптағы оқыту мен оқуды зерттеудi қарастырады.

4. LS қағидаттары Бірлескен жоспар. LS Өткізу/қадағалау, талдау.

5. Нәтижеде Lesson Study тәжірибелік білімді әріптестерімен бөліседі, әріптестер бір –біріне көмектеседі, оқушылардың маңызды білім алуына жағдай жасау.[2, 119-б]

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. «Зерттеу сабағы қарапайым идея болып табылады.

Сабақты зерттеу әдісі – ондағы басты мақсат әріптестермен бірігіп,

- Сабақ жоспарын құру
- Зерттеу сабағын талқылау
- Сабақтың жоспарын талқылау
- Зерттеу сабақтарын өткізу болып табылады. .[3, 13-б]

Сабақты зерттеу – сыныпты зерттеу нысаны немесе түйінді сипаты: креативтілік пен ғылыми дәлдік.

Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу мақсатында біздің Қостанай қаласындағы № 15 орта мектебінде зерттеуші құрамына шығармашылық топтан құрылған топ бірігіп, сабақты зерттеуді ұйымдастыру үшін әдебиеттік оқу, математика пәнін таңдап алынды. Бұл топ аталған сыныппен екінші жыл жұмыс жасап келеді. Зерттеуші топ жиналып, аталған сыныбында А,В,С деңгейіндегі оқушылар тобына жататын оқушының сабақ барысында іс –әрекетін зерттеу үшін, оның қажеттілігін және қандай қолдау керектігін анықтауға болатын тиімді әдіс -тәсілдерді сабақтың жоспарын құруда талқылап шықты. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін Блум таксономиясы бойынша талдау сұрақтарын

сабақ барысында қолданып, оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіре түсу жұмыстарын қолға алып, оны сабақ сайын күрделендіре түсу жоспарланды.

Жоспар бойынша сыныпқа математика пәнінен зерттеу сабақтары жүргізілді. Шығармашылық топ болып, оның ішінде үш А, В, С деңгейіндегі оқушыларды таңдап алдық. С деңгейіндегі оқушы «Үлгерімі жақсы» оқушы, В деңгейінде «Үлгерімі орташа» оқушы, А деңгейінде «Үлгерімі төмен» оқушыны таңдап алып, талдау жұмыстарын жүргіздік. Бірінші, екінші сабақтарда оқушылар ашыла алмады, өз ойларын еркін жеткізе алмады, себебі, бұл үрдіске дағдыланбағандықтан деп ойладық. Бұл бірінші сабақта топпен жұмыс жасау тиімділігі, диалогтік оқыту әдісінің тиімділігі анықталып, келесі сабақ жоспарланып іске асты. Әр сабақта 3 баланы үнемі бақылауда ұстап, сабақтан соң талқылау болып отырды. Бізге топпен оқыту әдісінің тиімді екені белгілі болып, келесі сабақты оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрінде өткізуді жоспарладық.

Одан кейінгі сабақтарда зерттеу сабағы әдебиеттік оқу пәнінен өткізілді. Осы сабақ барысында анықталып алынған А,В,С деңгейіндегі оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекеттерін шығармашылық топ зерттеп шықты. Блум токсономиясына байланыстырып құрылған сабақ жоспары мен сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамыту үшін берілген сұрақтар жауаптарымен сәйкес келе ме, жоқ па сабақ барысында анықталды. Сабақ сәтті өтті. А деңгейдегі оқушы өз білімін дәлелдей алатынын көрсетті. Жетелеу сұрақтары арқылы, жеке жұмыстар мен тапсырмалар беру арқылы сабаққа деген қызығушылығы мен топ арасында көшбасшылық қабілетін көрсете білді. Ал С деңгейдегі оқушының ынтасын ашатын түрткі сұрақтарды қоя отырып, алға қарай ілгерілеуге жетеледі. В деңгейіндегі оқушы бастапқыда сұрақтарға онша араласпады, кейіннен оның белсенділік қабілеті арта түсіп, топпен тапсырма берілгенде топ басшының берген тапсырмасын өз деңгейінде орындап шығып, өзін көрсете білді. Оқушы үнін тыңдаған кезде А деңгейдегі оқушы тұжырым жасаған кезде, тақырыптағы кейіпкерлердің мінез-кұлқын өзгертіп, сәл де болса мәтіннің мазмұнын жаңалап өз ойынша аяқтағысы келетінін айтты. Мәтіндегі кейіпкерлерді ақылды, мейірімді қылып көрсетер едім деп тұжырымдады. Яғни, сыни тұрғыда ойлау қабілетінің жоғары екендігін аңғарта түсті. В деңгейдегі оқушы - «Сабақ ұнады, бірақ мен бұл сабақта өзімді көрсете алмадым.»- деген тұжырым жасады. Келесі сабақта белсендірек болатынын айтып өтті. С деңгейдегі оқушы – «Маған өте қызықты болды. Алдағы уақытта да осындай сабақ болса, мен белсене қатысамын »- деп жауап берді.

Қорыта келгенде, бұл тәсілдің нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне, ойларын ашық айтуына дағдыланды. Топтық жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдылана отырып, оқуға деген қызығушылығы артты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Алматы, 2015. – 180 б.
3. Я.Ланина. Не уроком единым
4. <http://yandex.kz/clck/jsreidir?bu=e8oj36&from=yandex>.

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ (LESSON STUDY) ТОПТАРЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУЫНЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Абусағитова Айгүл Саматқызы
мектеп тренері, математика пәнінің мұғалімі
Бегманова Кульзейнеф Дюсембайқызы
математика пәнінің мұғалімі
Игілік Арайлым Досымханқызы
математика пәнінің мұғалімі
Нұрғожина Айтолқын Саматқызы
тарих пәнінің мұғалімі
№28 ҚҰСМҰРЫН ОРТА МЕКТЕБІ
Әулікөл ауданы, Құсмұрын поселкесі
E-mail: aiga_0891@mail.ru

Аннотация

Мақалада №28 Құсмұрын орта мектебінде «Сабақты зерттеу» әдісін іске асыру кезіндегі тәжірибе негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің дамуының бірден-бір тиімді жолдардың бірі ретінде сабақты зерттеу әдісінің ұтымды тұстары қарастырылады. Сабақты зерттеу үдерісі барысында жинақтаған тәжірибе ортаға салынып, фокус тобының мүшелерінің атқарған жұмыстары мен жетекшінің ролі туралы баяндалады. Мектеп қабырғасында сабақ зерттеу үдерісінің тиімді тұстары айқын ашылып, беріледі.

Аннотация

Статья включает в себя опыт Кушмурунской средней школы №28 по применению подхода Исследование урока в процессе обучения, как один из наилучших методов по повышению профессионального уровня учителей. В статье показана практика и раскрыта основная роль фокус группы и руководителя фокус группы.

Abstract

The article includes the theoretical and practical recommendation according to using the lesson study approach in the process of education, which was used by the teachers and the coaches of the №28 Kushmurun secondary school. There are the algorithms of process Lesson study and the main aim, directed on the formation of the collaborative sphere among the teachers of school in the practical recommendations. The effective steps of the lesson study are proposed on the basis of observation of the lesson study process, analysis of it and methodological support.

Түйінді сөздер: Сабақты зерттеу, тәсіл, фокус топ, тренер, коучинг, қалыптастырушы бағалау, ынтымақтастық орта, кері байланыс, рефлексиялық есеп, тәлімгерлік, желелік қоғамдастық.

Ключевые слова: Исследование урока, метод, фокус группа, тренер, коучинг, формативное оценивание, коллаборативная среда, обратная связь, рефлексивный отчет, наставничество, сетевое сообщество.

Keywords: Lesson study, approach, focus group, coach, coaching, formative assessment, collaborative sphere, feedback, reflection, mentoring, network community.

Қазіргі кезде егемен елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге талпыныс басым. Білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға, сонымен қатар оқушылардың бойында қалыптастыратын дағдыларға қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертуге ерекше көңіл бөлініп отыр. ХХІ ғасыр дағдылары жүйесі мұғалімдер арасында ынтымақтастық аясын кеңейтуді көздейді. Оқытудағы жаңа тәсілдер мұғалімнің де өзгеруін талап етеді.

Тәуелсіз еліміз дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылуы үшін заман талабына сай жаңа мазмұнды білім алуға жігерлі күш қайратымызды салып, білімді, ғылымды дамытуымыз керек.

Бұл тұрғыдан зерделер болсақ, көреген А.Байтұрсынов «Білімсіз халық қанша бай болса да байлығы басқа халықтың қолына көшеді» деп біліктілікпен айтып кеткен өсиетін тиек ете келе, халықаралық зерттеулерге қатысқан әлем елдерінің нәтижелі көрсеткіштеріне зер салдым.(4)

Мектепте мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді бағыттарының бірі –

«Lesson Study» (Сабақты зерттеу) әдісін жүргізу. Бұл жаңашыл бағыт - мұғалімдер тәжірибесінде білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл болып табылады, бұған мектебімізде өткен бірнеше Lesson Study-лер дәлел бола алады. Осы орайдағы ең маңыздысы аспектісі мұғалімдердің зерттеу қабілеті жетіле түседі. «Сабақты зерттеу» әдісіне мұғалімдерге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жинақтауды жүзеге асырады. Әрине бұл әдістің толық циклін өткізген соң мұғалімдер тәжірибе алмасу мақсатында өз еңбектерін, рефлексиялық есептерін баспада жариялап, пән бірлестіктерінде немесе әдістемелік кеңесте ой бөлісіп, талқыға салуларына болады. Осы кезекте, мектебіміздің қабырғасында «Сабақты зерттеу» әдісін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлау алдында сынып жетекшілердің, пән мұғалімдерінің ұсыныстары бойынша және психологтың талдауларынан кейін мәселелері бар немесе зерттеуді қажет ететін сыныптар анықталады. Сонан соң ерікті түрде сабақты зерттеуге ат салысамын деген мұғалімдер таңдалып, фокус топтарына бірігеді.



Бұндай түсініктер қалыптасар алдында тәжірибемізде алғашқы сабақ зерттеу әдісін қазақ тілінің мұғалімімен өткізіп көрген болатынбыз. Алғашқы қадамымыз әліде болса сабақты зерттеу әдісі туралы білімімізді толықтыруды қажет ететіндігіне көз жеткізді. Осыдан кейін мектеп басшымыз тиімді басқару менеджменті аясындағы курстың теориялық бөлімінен алып келген материалды мектеп басшысымен бірлесе тренерлердің қатысумен танысу және талқылау кезінде түсініктерімізді кеңейте түстік. Сонан соң мектеп қабырғасында осы тәжірибені енгізуге бекіндік.

Бұл іспеттес жұмыстардың реттілігін таңдау және оны дұрыс ұйымдастыру, сәтті, әрі нәтижесін берер зерттеу тақырыбын таңдау тәжірибеден өткен бірнеше сабақ зерттеулерінің қатарынан түзелген болатын. Бастапқыда мұғалімдер сабақ зерттеу үдерісіне қатысудан қашқақтап, фокус тобына кірген кезде әліде болса толыққанды түсініктері қалыптаспағандықтан, сабақтарды өткізер алдында мектеп тренерлері мен мектеп басшысы біріге отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Оның ішінде «Lesson Study дегеніміз не?», «Сабақты зерттеуде мәселені қалай анықтаймыз және тақырыпты қалай дұрыс таңдаймыз?» деген тақырыптарда коучингтер өткізіп, сабақты зерттеу әдісімен толық таныстырып өттік. Бұл өз жемісін беріп алғашқы 9 а сыныбында ерікті түрде фокус тобы құрылып, қазақ тілі, математика және тарих пәндерінің аясында «Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыратын әдістердің оқушының өзін-өзі бағалауына әсері» тақырыбында сабақты зерттеуіміздің алғашқы қадамын бастадық. Бұл фокус тобының жетекшісі өзім болып, фокус тобындағы қазақ тілі пәні мұғалімі Ахметбекова Б.Р., математика пәнінің мұғалімі Бегманова К.Д.

және тарих пәнінің мұғалімі Нұрғожина А.С. мұғалімдермен сабақтарды өткізу реттілігін, сабақты зерттеу кестесін талқылап. Алдағы жұмыстар кезеңдерін бекіттік.

Фокус тобы – зерттеу тақырыбы бойынша іс-әрекет атқаратын бірлескен мұғалімдер тобы.

«Сабақты зерттеу» тобы сынып оқушыларымен сауалнама жүргізу арқылы «Оқушы үнін» есепке ала отырып, зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтады, жоспары



кұрылды. Әр топ мүшесіне «Сабақты зерттеу» әдісінің қадамдарына сәйкес бақылау парағын толтыру, АВС оқушыларын белгілеу, сабақты талдау бойынша хаттама жүргізу жұмыстары бөлінген көшбасшылық принциптеріне сай бөлінді. Осы орайда жетекшінің

атқарар ролі үлкен мұғалімдерге тек бағдар беріп қана қоймай, сонымен қатар әдістемелік көмек ұсыну, дұрыс әдіс-тәсілді біріге отырып таңдау сынды жұмыстар атқарады. Сабақтар құру барысында фокус тобы біріге отырып сыныптың ерекшеліктері мен таңдалған тақырып бойынша сабақта қолданылатын әдіс тәсілдерді таңдайды, бұл кезде сабақтың сәтті немесе сәтсіз өтуіне фокус тобы жауапты болады, яғни бұрынғы ашық сабақтағыдай барлық жауапкершілік сабақ беруші мұғалімнің мойнында емес, фокус тобындағы мүшелерге де жауапкершілік жүктеледі. Бірлесе отырып сабақ құрастыру кезінде менің байқағаным мұғалімдер оқушы үнін ескере отырып сабақты талқылау барысында идеялар генерациясы үлкен, сабақтың әр кезеңінде мұғалімдер бойында жаңадан әдіс тәсілдер таңдау қызығушылығы арта түсті.

Lesson Study-да барғысы келетін мұғалімдер ғана емес, барлық мұғалімдер ашық сабаққа қатысып, содан кейін кеңеске қатысуы тиіс. Lesson Study комиссиясы тақырыпты таңдап, кесте құрады. Оларда ашық сабақ болатын күні оған қатысатын бір сынып қана мектепте қалады, қалғандары үйлеріне ертерек қайтады. Осылайша, мектепте барлық мұғалімдер ашық сабаққа және бұдан кейінгі талқылауға қатыса алады.

Тәжірибедегі сыныптың бірін-бірі бағалауда әділдік таныту және кері байланыс беруде тиімді кері байланыс ұсыну дағдыларын қалыптастыру мәселесі бірден шешілмейді, бірақ оқушыны топтық жұмысқа тарта отырып, ашық сөйлесу, пікірін тындау арқылы ортаға бейімдеуді және «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін үнемі дағдыға айналдырсақ, үнемі оқушы пікірімен санаса отырып, оларға ұнайтындай әдістерді қолдана отырып сабағымызды жоспарласақ ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелей аламыз деген сенімдеміз. Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу болмаған еді, бұл жаңашылдық мұғалімдерге ұнады. Сондықтан, «Сабақты зерттеу» әдісі ең бірінші, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне, екіншіден, оқушылардың білім сапасын арттырудың бірден бір жолы бола алатынына көзіміз жетті. Қай кезде де мұғалім мектептегі негізі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби құзіретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес.

Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің өз тәжірибемнен туындаған мынандай негізгі ұстанымдарына тоқталған орынды деп ойлаймын:

- ✓ сабақ беру барысында туындаған қандай да бір өзекті мәселені (теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында сабақты бірлесе жоспарлау,

- ✓ сабаққа қатысу барысында оқушылардың үйрену әрекеттерін бақылау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын айқындау,
- ✓ оқушылармен сабақтан кейін (сабаққа дейін де болады) сұхбаттасу арқылы олардың мұң-мұқтаждарын, сұраныс-тапсырыстарын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру, жүзеге асыру,
- ✓ сабақтан кейінгі талқылауда оқушыларды бақылау мен сұхбаттасу нәтижелерін қолданып, сабаққа жағымды өзгерістер енгізу, сабақ жоспарын жақсарту.

Мұғалімдердің жұмысы осылайша мынандай айналым аумағында жалғаса береді: «проблема айқындау – проблеманың теориялық мәселелері мен шешу жолдарын коучинг арқылы айқындау – бірлесе жоспарлау – өзара сабаққа қатысу – сабақты талдау – сабақ жоспарын жақсарту». Олардың кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады. Осылайша Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі мұғалімдерді тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі.

Lesson Study тобының жұмысын мынандай қадамдардан ұйымдастырдык:

I. Сабаққа дейін.

- 1) LS тобын құру.
- 2) Lesson Study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау.
- 3) Таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау.
- 4) Сабақты бірлесе жоспарлау.
- 5) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдау.
- 6) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу.
- 7) Оқушылардан алған интервью негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу (егер оқушылардан сабаққа дейін интервью алынбаса, бұл қадам да қолданылмайды).

II. Сабақ кезінде.

Lesson Study сабағы.

- a) оқушыларды бақылау.

III. Сабақтан кейін.

- 9) Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу.
- 10) Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау.

Lesson Study топтары жұмысының мынандай жақтарына назар аударуды жөн санаймын. Біріншіден, LS топтарының жасақталуы мұғалімдердің өз еркі бойынша жүзеге асырылғандығы дұрыс. Осы арқылы оларда өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершіліктің артатындығы анық. Мұнда фокус топтарына қосылғысы келмейтін мұғалімдерді күштеуге болмайтынына назар аудару керек. Ондай педагогтармен басқаша жұмыс жасаған орынды.

Сабаққа дейін оқушыларға мынандай сұрақтар қоюға болатын шығар: «Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді? Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз? Осы сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді болады деп ойлайсыз? Топтарға қалай бөлу керек? Сіз кіммен бір топта отырғыңыз келеді? Сізге сыныпта кім жақсы көмектеседі? Сабақтың нәтиже «өнімі» қандай болуы керек деп ойлайсыз? Мұғалім болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз?» және т.б.

Төртіншіден, мектеп әкімшілігі тарапынан фокус топтарының жұмысын мұқият қадағалаудың қажеті шамалы болар, өйткені әсіре қадағалау мардымсыз нәтижеге әкелетіндігі белгілі. Жыл бойы мектеп әкімшілігі мүшелері тек бір ғана фокус топтарының жұмысына қатысып, олардың жұмысының қарқынды және тиімді өтуіне атсалысқаны жөн. Басқа фокус топтары әкімшіліктің ерекше ынтасын көргеннен соң осы топтардың жұмысына қызығушылық танытып, солардан үйренетіндігі әбден ықтимал.

Бұл жерде тек фокус топтарының жұмыс нәтижелерін алдын-ала айқындап алған дұрыс болар. Мысалы, сондай құралдардың бірі ретінде фокус топтарының портфолиосын атауға тұрарлық. Белгіленген мерзім соңында (тоқсан немесе оқу жылы) әр Lesson Study тобы мектептің алқалы бір жиынында өз портфолиоларымен барша жұртты таныстырып, жұмыстарын қорытындыласа.

Портфолиоға жиналатын құжаттар мен дәлелдемелерді қиындатпаған жөн, оның мазмұнын мұғалімдердің өздері айқындауы керек. Портфолиоға қойылатын талаптар алдын-ала елдің назарына ұсынылып, талданып-талқыланып, педагогикалық кеңесте бекітілсе дұрыс болар еді. Мұнда мынандай дәлелдемелердің болғаны орынды: сабақ жоспарлары (әсіресе әр сабақтың алғашқы жоспары мен оның өзгертілген, жақсартылған нұсқаларының болғаны дұрыс: бұл оларды салыстыру мүмкіндігін береді), бақылау мен интервью парақтары, сабақты талқылаудың хаттамасы (егер жүргізілсе), оқушылардың сабақтағы жазбаша жұмыс үлгілері, фотосуреттер, видеожазбалар (егер жүргізілсе), теориялық материалдар мен ресурстар, коучингтердің жоспарлары, оқушылардың сабаққа берген кері байланысы мен сабақ туралы рефлексиясы, қатысушылардың жазбаша пікірлері, т.б.

Фокус топтарының жұмыс нәтижелерін қорытындылауды ықшам сабақтар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Фокус топтары сабақ жоспарларын құрастырғаннан кейін тақ нөмірлі топтар жұп санды топтарға барып, оларға өздері құрастырған сабақтарының 20 минуттық үзіндісін көрсетеді. Сабақ үзіндісі аяқталғаннан кейін екі топ бірігіп, 20 минут ауқымында сабақты талқылайды, сабақ жоспарына өзгерістер енгізеді. Талқылаудан кейін енді жұп нөмірлі топтар тақ санды топтарға барып, дәп осылай өз сабақтарының үзіндісін көрсетіп, талқылайды.

Осы іс-шараның басынан аяғына дейін мектеп әкімшілігі мүшелерінен (немесе деңгейлік курс аяқтаған тәжірибелі мұғалімдерден) құралған сарапшылар тобы әр фокус топтарының жұмысын бақылап, олардың қалай жұмыс жасап жатқандарын алдын-ала қабылданған критерийлер бойынша бағалайды.

Сонымен, мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамыту ісін 4-6 адамдық фокус топтары ауқымында ұйымдастырған тиімді деп есептеуге тұрарлық. Өзін-өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде фокус топтары ұстаздарға бірлесе жоспарлау, тәжірибеде туындаған проблемаларды коучинг пен тәлімгерлік арқылы шешу, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылау секілді тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту мүмкіндігін ұсынады.

Қорыта келе, белгілі педагог К.Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген пікірімен аяқтағымыз келеді.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Байгаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 36 б.
2. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.
4. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013

**Абуталипова Асемгуль Багитбаевна,
Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Серикова Лаззат Салмағанбетовна,
математика пәнінің мұғалімі,
Нурканова Мариям Дуйсеновна,
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Құсмұрын ауылы, Әуликөл ауданы
E-mail: 03_abutalib_03@mail.ru**

Аннотация

Өзектілігі. Қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі білім беру үрдісінің жоғары бәсекеге ие тәжірибені еліміздің білім беру үрдісіне эксперимент ретінде енгізу жолында түрлі кәсіби шыңдалу және сабақ пен іс-әрекетті зерттеу бойынша мектепшілік және мектептен тыс курстар өткізілуде. Осы орайда барлық тыңдаушылар өз тарапынан қалыптасқан білім мен білік бойынша рефлексиялық есеп жазу міндет болып табылады. Осы орайда, «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы бойынша рефлексиялық есеп жазуда басшылыққа алуға болатын жетекші сұрақтарды ойластырып, жүйеге келтірген болатынбыз. Бұл идеямыздың жүзеге асырылуына негіз болған ПШО тренері К.Б. Сагадиева еді.

Мақсаты: Мұғалімдерге «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы бойынша рефлексиялық есеп жазу бойынша басшылыққа алуға болатын жетекші сұрақтарды ұсыну арқылы мұғалімнің кәсіби шыңдалуына жағдай жасау.

Аннотация

Актуальность. В настоящее время проводятся внутришкольные и внешкольные курсы по изучению занятий и деятельности, разного профессионального совершенствования и экспериментального внедрения высококонкурентного опыта образовательного процесса мирового уровня в образовательном процессе страны. При этом все слушатели должны написать рефлексивный отчет по сформированным знаниям и умениям со своей стороны. В связи с этим, по образовательной программе внутришкольного профессионального развития «исследование в практике учителя» мы продумали и систематизировали ведущие вопросы, которыми можно руководствоваться при составлении рефлексивного отчета. Основой для реализации этой идеи стала тренер ЦПМ Сагадиева К. Б.

Цель: создание условий для профессионального роста учителя путем представления учителям ведущих вопросов, которыми можно руководствоваться по написанию рефлексивного отчета по образовательной программе внутришкольного профессионального развития «исследование в практике учителя».

Annotation

Urgency. Currently, in-school and out-of-school courses are held to study classes and activities, various professional improvements and experimental implementation of highly competitive experience of the world-class educational process in the educational process of the country. At the same time, all students should write a reflective report on the formed knowledge and skills on their part. In this regard, according to the educational program of intra-school professional development "research in the practice of teachers" we have thought through and systematized the leading questions that can guide the preparation of a reflective report. The basis for the implementation of this idea was the coach of the CPM Sagadieva K. B.

Objective: to create conditions for professional growth of teachers by presenting teachers with leading questions that can guide the writing of a reflective report on the educational program of intra-school professional development " research in...

Түйінді сөздер: зерттеу, іс-әрекет, сабақ, фокус топ, рефлексиялық есеп, жетекші сұрақтар.

Ключевые слова: исследование, деятельность, урок, фокус группа, рефлексивный отчет, ведущие вопросы.

Keywords: research, activity, lesson, focus group, reflective report, leading questions.

Аталмыш мақалада жалпы білім беретін мектеп ұйымдарында «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы бойынша білім алған тыңдаушылар крс аяқталысымен рефлексиялық есеп жазуда көптеген қиыншылықтар болатыны сөзсіз. Жалпы сипаттамасына келетін болсақ, сабақты зерттеу үрдісінің циклы бойынша әр топ мүшесі 1500 сөзден тұратын рефлексиялық есеп жазады. Осы рефлексиялық есепті жазу қиындық тудырмау үшін мынадай сұрақтарға аса назар аудара отырып, жауап берсе, есептің тиімділігі мен жалпы мазмұны өнімді және жемісті болатыны анық. Ал жетекші сұрақтарды қарастыратын болсақ, олар төмендегідей болып табылады:

1. Топ мүшелігіне енуде сіздің ішкі мүмкіншіліктерінің, ықыласыңыз ескерілді ме? Ескерілсе, осы топ құру барысындағы сіздің көңіл-күйіңіз қандай?
2. Топ ішіндегі міндеттерді бөлу сіздің бойыңыздағы педагогикалық-кәсіби мүмкіндіктеріңізге сәйкес келді ме? Әлде міндетіңіз сіз үшін қиындық тудыратынын сездіңіз бе? Осы орайда тренердің шеберлігіне баға беріңіз. (150 сөз)
3. Зерттеу тақырыбы мен сұрағын анықтауда сіз үшін қиындық тудырған кедергілер болды ма? Болса, бір-екеуін атап өтіңіз. Ол кедергілер бұрыннан бері бар ма? Атап өтіңіз.
4. Зерттеу тақырыбына шығу үшін сыныптағы ахуалды сипаттауда қаншалықты шынайы болдыңыз? Ахуал нақты бір дағдыларға қатысты болды ма? Нақты атап көрсетсеңіз.
5. Осы шынайы ахуалынан болашақта күтетін нәтиже, үмітіңізді сараптап жазуда не нәрсеге басты назарды аудардыңыз? Нені көргіңіз келеді? Қандай өзгерістің бастау алғандығын қалаған едіңіз? Соның бәрін ескердіңіз бе? Осы орайдағы туындаған қиындықты сипаттаған абзал. Осы үміттен сіздің зерттеу тақырыбыңыз бен зерттеу сұрағыңыз бірден шыға келді ме? Әлде ой шашыраңқылығы кездесті ме? (150 сөз)
6. Сабақты жоспарлауда қандай қиындықтар туындады? Әсіресе ол қиындықтар сабақтың қай кезеңіне қатысты болды? Сабақтағы оқу және оқыту мақсаттары арасында байланыс орнату сізге жеңіл болды ма? Сабақтағы оқу мақсаттары зерттеу мақсатына, зерттеу сұрағына қатысты ескерілді ме? Осы орайда не нәрсеге ерекше көңіл бөлу керек? (150 сөз)
7. Оқу мақсатының сабақ мақсатына, бағалау критерийлерінің де сабақ мақсатына, тапсырмалардың критерийлеріне сай әзірленгендігін ескердіңіз бе? Ескеру кезінде қандай қиындықтар туындады? Күнделікті сабақ жоспарын жазуда (жаңартылған бағдарлама бойынша оқылатын сыныптардың ҚМЖ-сында) осындай қиындықтар кездесіп пе еді? Екеуара салыстыру жасап кетсеңіз де болады. Сонымен бірге тапсырмалардың зерттеу сұрағынан алшақтамай, басты фокуста болуы арқылы оқу мен оқыту үрдісіндегі бірізділіктің, жүйенің сақталуын фокуста ұстадыңыз ба? Ең соңындағы тағы бір ескере кететін жайт – бақылау парағы құрылымының, мазмұнының зерттеу тақырыбын ашу қаншалықты қиын болды? Кез келген нәтиже түрінде осы аспектілердің ескерілуі зерттеу нәтижелерін құжаттаудың мән-сипатын және қажеттілігін арттыратындығының мүмкіндігін ескердіңіз бе? (150 сөз)
8. Сабақты талдауда, талдау парақтарын толтыруда сіз үшін не оңай болды? Осы орайда сіз үшін ұнаған әрекеттер, кезеңдер болды ма? Сабақ зерттеу сұрағына

орайластырылған зерттеу тақырыбы мен мақсатын, сонымен қатар жалпы күтілетін нәтижелердің мақсатқа қаншалықты деңгейде болды? Мақсатқа жетті ме? Сабақ барысындағы сәтті және сәтсіз тұстарын, сонымен бірге зерттеу сабағының жұлдызды тұстарын айқара ашып жазып көріңіз. (150 сөз)

9. Зерттеу нәтижеңіз қандай деңгейге жетті деп ойлайсыз? Зерттеу нәтижеңізде зерттеу сұрағына қаншалықты деңгейде жемісті жауап таба алдыңыз? Зерттеу нәтижеңіз бойынша жинақталған шеберлігіңізді кәсіби түрде не түрінде бере алдыңыз? Не түрінде (семинар, коуч т.б.) бөлісер едіңіз? Өзіңіздің әдістемелік тақырыбыңызға қаншалықты деңгейде байланысы бар, үйлесімді бола білді ме? Әлде сіздің әдістемелік тақырыбыңызға ешқандай байланысы болмады ма? Зерттеу нәтижесін қандай ортада, кімдермен, қандай формада бөлісер едіңіз? (150 сөз)
10. Өзіңіздің тараптан осы зерттеу сабағы бойынша қандай тиімді ұсыныстар жасар едіңіз? Осы зерттеу сабағы сізді неге үйретті? Осы зерттеу сабағы сізге кәсіби деңгейде өсуіңізге ықпал етті ме? Әлде ешқандай өзгеріс байқалмады ма? Байқамадыңыз ба? Егер өзгеріс болса, сіздің кәсіби өсуіңізге ықпал еткені болса, оны қалайша және қай кезеңде байқадыңыз? Қалайша байқадыңыз? (150 сөз)
11. Осы зерттеу сұрағы бойынша сіз өзіңіздің әдістемелік жүйеңізге өзгерісті енгізер ме едіңіз? Бұл үрдіс сіздің әдістемелік жұмысыңызға, зерттеуіңізге қаншалықты деңгейде әсер етті? Болашақта осы зерттеу сұрағына, тақырыбына қатысты мәселелерді қарастырар ма едіңіз? Осы тақырыпқа туыстас тақырыптарды алар ма едіңіз? қай сыныпқа алар едіңіз? неге? Неліктен? Себептерін көрсетсеңіз. (150 сөз)
12. Жинақталған тәжірибеңізді қалай және қай ортада таратар едіңіз? Сіз басқа да әріптестеріңізге үйретеріңіз бар ма? Өз пәніңіз бойынша жеткен жетістігіңізбен жеке шеберлік сыныбын берер ме едіңіз? Шебер түрде тәжірибені таратуда қандай әдістерді қолданар едіңіз? неге басымдылық жасар едіңіз? Қалайша жеткізер едіңіз? (150 сөз)
13. Осы зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған тәжірибеңізден қандай өнім шығарар едіңіз? Оны қай мерзімде орындар едіңіз? Өніміңізді қандай формада жеткізер едіңіз? Қай деңгейде осы өнімді жария етер едіңіз? (150 сөз)

Осы сұрақтардың барлығын ескере келе, тыңдаушылар кез келген рефлексиялық есепті жазуда қиыншылық тумамайтынын сезіну керек. Осы мақалада берілген жетекші сұрақтардың барлығына жетене үңілетін болсақ, барлық сұрақтарға ерекше назар аударып, әрбір сұрақты оқу және оқыту үрдісіне байаныстыра отыра әр педагогтың әдістемелік, ізденіс және ғылыми тараптарын үйлесімді түрді бір жерден түйістіруге болады. Сонымен бірге осы сұрақтар көптеген іс-әрекеттегі атқарылған жетістіктер мен кездескен қиыншылықтардың ашылуына, оны шешу немесе тарату бойынша қабылданған және жасалған іс-шаралар легі бойынша тың ақпараттың пайда болуына ықпал етеді.

Әдебиет тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық 2016ж.
2. Орта мерзімді жоспарлау: талап, түйсіну, рефлексия. Астана 2014ж.

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙІП КЕТУІНІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Аканбаев Баглан Нурланович

Ө.Сұлтангазин атындағы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,

педагогикалық ғылымдар магистры

baga_a_n@mail.ru

Дюсекова Тулеухан Аuezхановна

Совхоз орта мектебі,

бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация

Мақалада педагогтардың эмоционалдық күйіп кету мәселелері қарастырылған. Педагогтердің эмоционалдық күйіп кетуінің өзіндік ерекшеліктері, өзін-өзі бағалау төмендейтін және эмоциялық күйіп кету сатысы қалыптасатын жұмыстың негізгі саласы мен шарттары талданды. Эмоционалдық күйіп кетудің алдын алудың қажетті, ең алдымен, сыртқы ортаның стрессогендік факторларының әсерін төмендететін әдістері анықталып, негізделді.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы эмоционального выгорания педагогов. Были проанализированы специфические особенности эмоционального выгорания педагогов, основные области и условия работы, в которых формируется стадия эмоционального выгорания и снижения самооценки. Были определены и обоснованы необходимые методы профилактики эмоционального выгорания, прежде всего, снижающие влияние стрессогенных факторов внешней среды.

Abstract

The article deals with the problems of emotional burnout of teachers. The specific features of teachers' emotional burnout, the main areas and working conditions in which the stage of emotional burnout and self-esteem decline is formed were analyzed. The necessary methods of prevention of emotional burnout, first of all, reducing the influence of stress factors of the environment, were identified and justified.

Кілттік сөз: кәсіби күйіп кету, стресс, эмоционалды таусылу, қызмет шарттары

Ключевые слова: профессиональное выгорание, стресс, эмоциональное истощение, условия деятельности

Keywords: professional burnout, stress, emotional exhaustion, working conditions

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі мен ақпараттық процестердің күрделенуіне байланысты елімізде эмоциялық күйіп кетудің кері салдарына қатысты зерттеулер күннен-күнге өзекті болып келе жатыр. Олар әсіресе оқытушылар мен мұғалімдер үшін барынша өзекті. Эмоциялық күйзеліс жағдайына деген конструктивті қарым-қатынас құра білу және оның салдарының кері әсерін барынша азайту шеберлігі оқытушының кәсіби тұрғыда маңызды қасиеттерінің біріне айналуы тиіс. Педагогке заманауи кәсіби ортаның эмоциялық факторлар әсеріне қарсы тұруына тура келеді. Яғни оған кәсіптің талап етілетін барлық талаптарын орындай отырып, өзін онда оңтайлы түрде жүзеге асыруға және өз еңбегінен ләззат алуға тура келеді.

Оқытушының іскерлігі үздіксіз түрде қарым-қатынаспен байланысты, біртіндеп жүріп өтетін эмоциялық шаршау мен таусылу нышандарына тәуелді, ал ол кәсіби іскерліктің орындалуына, психикалық, физикалық және эмоциялық көңіл-күйдің нашарлауына кері әсер етеді.

Эмоциялық күйіп кету синдромы эмоциялық, ақыл-ойдың таусылуы, физикалық шаршау, тұлғалық оқшаулану және жұмысты орындаудан қанағаттанбау нышандарынан көрінетін экспансивті, когнитивті және физикалық күш-қуатты біртіндеп жоғалту процесі болып табылады. Ол жұмыс орнындағы күйзелісті сәтсіз шешу нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл синдром құрамына үш компонент кіреді:

Эмоциялық таусылу тұлғаның физикалық ресурстарын төмендетеді, ағзаның күйзеліс агенттеріне қарсы тұруын нашарлатады, басқа да даму көздерін іздеу мүмкіндігін шектейді, соның нәтижесінде өзіндік даму, өзіндік өсу қажеттіліктерінің туындауына кедергі келтіреді.

Жеке жетістіктер редуциясы (өзінің құзіретсіздігін, кәсіби іскерлігіндегі жетістігі жоқтығын сезіну) жалпы ынталану процесін нашарлатады, адамның мамандық арқылы тұлға ретіндегі шығармашылық дамуын тоқтатады. Дегерсонализация жеке тұлғалық оқшаулану бола отырып, тұлғаның қағидалары мен құндылықтар жүйесіне енеді, сол арқылы әлемге деген оң қарым-қатынасты теріске шығара отырып, тұлғалық дамудың интегративтік құраушы бөлігін бұзады.

Оқытушының эмоцияға кедейлігімен, эмоцияны үнемдеу саласын кеңейтуімен, жеке тұлғалық оқшаулануымен, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескермеумен сипатталатын күйіп кету синдромы маманның кәсіби қарым-қатынасы сипатына біршама қатты әсер етеді. Аталған кәсіби бұзушылық оқу процесін толыққанды басқаруға, қажетті кәсіби көмек көрсетуге, кәсіби ұжымның қалыптасуына кедергі келтіреді. Шынайы педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, қазіргі таңда студентке тұлға ретіндегі қызығушылықтың жоғалуы, оны қалай болса солай қабылдаудың жоғалуы, кәсіби қарым-қатынастың эмоциялық жағының төмендеуі біршама айқын көрінеді. И.Ф.Исаев атап көрсеткендей, оқытушының кәсіби мәдениетінің төмен деңгейлігі педагогикалық мамандыққа деген ынталық-құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін.

О.Н.Гнездилова кәсіби күйіп кетуге апаруы мүмкін факторлар ретінде мінез-құлықтың интроверт болуын, тұйықтық пен ұялшақтықтың, мамандық талаптарына келіспеуін келтіреді.

Көптеген зерттеулер оқытушыларда кәсіби іскерліктің тұрақтылығын бұзушы жағдайлардың болуын көрсетеді (уайымдау, көңіл-күйдің болмауы, басыңқылық, апатия, көңіл қалу, үнемі шаршау).

Психология тұрғысынан оқытушыларда эмоциялық күйіп кетуге қарсы тұра білуін қалыптастыру мәселесіне біршама көңіл аударылған, алайда бұл мәселенің педагогикалық жағына келетін болсақ, біз арнайы әдебиеттердің жетіспеушілігіне тап болдық. Психология-педагогикалық әдебиеттерде эмоциялық күйіп кету үлгісін әзірлеуге (К.Маслач, С.Джексон және т.б.), күйіп кетудің құрылымдық компоненттерін атап көрсетуге (Э.Пайнс, Т.Кокс) және кәсіби «күйіп кетудің» негізгі көріністеріне (О.Н.Гнездилова, Т.В.Форманюк) арналған еңбектер жарияланған.

Сонымен қатар, білім беру барысында оқытушылар мен мұғалімдерде эмоциялық күйіп кету ерекшеліктеріне зерттеу мәселесі әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген қалпы қалуда.

Қызметкердің денсаулығы тіршілігін сақтау барысында кәсіби еңбектің тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты біз үшін оқытушылар мен мұғалімдердің эмоциялық күйіп кету ерекшеліктерін зерттеу маңызды болып көрінеді.

Зерттеу анықтағандай, көптеген мұғалімдердің эмоциялық күйіп кету көрсеткіштері «Эмоциялық таусылу» және «Жеке тұлғалық қатынастар редуциясы» шкаласы бойынша жоғары, ал ол мұғалімдердің келесі ерекшеліктерімен түсіндіріледі:

1) өзін теріс бағалау (мұғалім көптеген жағдайда өзін оқытушыға қарағанда теріс бағалайды, мұғалімде оның қоғамдағы алатын орынының әділетті еместігі, қоршаған ортаның оны жеткілікті бағаламайтындығы жайлы ойлары болады);

2) жүйке-психикалық жүктемелер (біздің пайымдауымызша, олар оқушылардың ата-аналары мен басшылық тұрғысынан мұғалімге деген қарсылықтарына деген сезімталдығы).

Алайда оқытушылардың эмоциялық күйіп кетуінің жоғары көрсеткіштері «Эмоциялық таусылу» шкаласы бойынша ғана бар, ал ол келесі ерекшеліктерді меңзейді:

1) бәрінен шаршау (көңіл-күйдің басыңқылығы, қорғансыздық, ешбір құлқының болмауы, қателік жасаудан қорқу, өзі басқара ала алмай қалатын белгісіз жағдайлардан қорқу, жеткілікті түрде күшті бола алмаудан, құзіретсіз болудан, басшылық тұрғысынан берілетін жоғары талаптарға сәйкес келмеуден қорқу);

2) оқытушылық еңбектің өзі (күнделікті көру, есту және дауыс аппараттарына деген жоғары жүктеме; семинар және тәжірибелік сабақтарды өткізу тұрақты «сананың белсенді жұмысын» талап етеді; жауаптардағы оң сәттерді бағалау және қателіктерді түзету; қорытынды жасау және қысқаша түйіндемелер тарату).

Осылайша, біз мұғалімдер мен оқытушылардың кәсіби іскерлігінің сипаты эмоциялық күйіп кету мәселесіне әсер ететін ерекшеліктерді анықтадық. Эмоциялық күйіп кетуді төмендету үшін педагогтар мәселенің анық-қанығына жетуі қажет, ал ол үшін тек қаласаң болды, бәрінің аяқталатындығын түсінетіндей семинарлар, ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыру маңызды. Егер нышандар қатты көрінетін болса, онда сұраныстар бойынша түзету жұмыстары мен кеңестер қажет болады.

Айта кететін жайт, аталған мәселе бойынша көптеген әдебиеттерге талдау барасында біз мұғалімдердің күйіп кетуінің барлық көрсеткіштері оқу жылы бойы жоғары болып, жыл соңына қарай одан сайын артатындығын, ал оқытушыларда ол нышандар оқу жылының ортасына қарай дамидындағы жайлы тұжырымға келдік. Мұғалімдерге күйіп кету оқытушыларға қарағанда қарқындырақ, жүйелі және кешенді түрде, олардың эмоциялық деңгейін жанап, өзіне деген, қоршаған орта мен мамандығына деген қатынасына да тиеді; ал оқытушыларда күйіп кету нышандары эмоция тұрғысынан өзіне, өз жетістіктеріне, қоршаған адамдар мен жұмысына деген қатынасында теріс өзгерістер ретінде көрініс табады.

Педагог іскерлігінің ең маңызды құраушыларының бірі біртіндеп артып отыратын эмоциялық шаршау мен таусылумен бірге жүретін қарым-қатынас болып табылады, ал ол кәсіби міндеттердің орындалуына, психикалық және физикалық көңіл-күйдің нашарлауына алып барады. Педагогикалық жағдаяттардың стандартты болмауы, мұғалімнің кәсіби еңбегінің жауапкершілігі мен күрделілігі себепті «эмоциялық күйіп кетудің» даму қауіпі артады және аталған синдромды зерттеу оның кері салдарларының қоршаған адамдармен қарым-қатынасына әсерінің алдын алу тұрғысынан қажетті болып отыр.

Различные учёные рассматривают общение с разных точек зрения, что вызывает трудность в определении этого понятия. Однако на основе всех исследований можно сказать, что общение представляет собой многостороннее и многофункциональное явление, характер которого определяет и само взаимодействие.

Под педагогическим общением обычно понимают профессиональное общение преподавателя с учащимися на уроке и вне его (в процессе обучения и воспитания), имеющее определенные педагогические функции и направленное (если оно полноценное и оптимальное) на создание благоприятного психологического климата, а также на другого рода психологическую оптимизацию учебной деятельности и отношений между педагогом и учащимся. Между категориями «общение» и «деятельность» существует диалектическая взаимосвязь. Более того, можно утверждать, что существуют виды Деятельности, которые принципиально строятся по законам общения, а педагогическая деятельность – одна из них.

Таким образом, успешность учебной деятельности во многом зависит от индивидуального стиля общения педагога с учениками. Рассмотрев возможные стили общения, можно утверждать, что наиболее оказывается деятельностный демократический, дружеский стиль общения. Межличностное общение учащихся оказывает плодотворное влияние на процесс овладения иностранным языком.

Список использованной литературы

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда Глобальный тренд социальной модернизации <http://www.kazpravda.kz/c/1341882404>, Казахстанская правда, 2012.

2. Государственный общеобразовательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее профессиональное образование. Бакалавриат. Специальность 05011900 «Иностранные языки: два иностранных языка» Астана, 2011. – 48 с.

3. Амонашвили Ш.А. Гуманно-личностный подход к детям [Текст] / Ш.А. Амонашвили. – М.: Институт практической психологии; Воронеж: МОДЭК, 1998. – 544 с.

4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии [Текст] / С.Л. Рубинштейн. – СПб: Питер, 2000 – 712 с.

Для материалов из INTERNET:

5. Боброва Н.Е. К вопросу об обучении иностранному языку как средству коммуникации.- <https://cyberleninka.ru/article/n/k/2008/-voprosu-ob-obuchenii-inostrannomu-yazyku-kak-sredstvu-kommunikatsii> (21.09.19).

6. Шишова И.Е. Формирование социальной компетенции в процессе обучения иностранным языкам. - <https://cyberleninka.ru/article/n/2006/-formirovanie-sotsialnoy-kompetentsii-v-protseesse-obucheniya-inostrannym-yazykam> (16.10.19).

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ МАҚСАТЫНДА ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘНГІМЕ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ

**Карбаев Тулеген
Джумабекович**
«ПШО» ЖМ Қостанай қ.
филиалының тренері
Қостанай қаласы

Аннотация

Көптеген мұғалімдер бойынша математика сабақтарында оқушылардың коммуникация дағдылары төмен деген пікірлерін білдіреді. Мақалада осы мәселені шешу жолдарының бірі ретінде зерттеушілік әңгіменің коммуникация дағдыларын дамытуға әсерін бақылау бойынша өткізілген зерттеу нәтижелері берілген.

Аннотация

Многие учителя высказывают мнение о том, что у учащихся слабо развиты навыки коммуникации на уроках математики. В статье приведены результаты исследования влияния исследовательской беседы на развитие коммуникативных навыков как одного из путей решения данной проблемы

Abstract

Many teachers express the opinion that students have poorly developed communication skills in mathematics lessons. The article presents the results of a study of the influence of an exploratory talk on the development of communication skills as one of the ways to solve this problem.

Түйінді сөздер: зерттеушілік әңгіме, математика, сабақ, коммуникация..

Ключевые слова: исследовательская беседа, математика, урок, коммуникация.

Keywords: exploratory talk, mathematics, lesson, communication.

Математиканың мектепте оқытылатын басқа пәндерден басты айырмашылығы болып қоршаған ортаны құрайтын заттарды емес, ол заттарға тән сандық қатынастарды және кеңістіктік пішіндерді зерттейді. Математика пәнінің мұғалімдерінің алдында оқушылардың санасындағы бұл пәннің өмір мен күнделікті тәжірибеден алшақтығы, формалдығы туралы ойларын өзгерту деген күрделі мәселе тұр. Алайда, математика пәнінің мұғалімдері оқушыларды тәрбиелеу үдерісінде математикалық сауаттылықтың бір компоненті болып табылатын «аргументтерді келтіру дағдысына» көңіл аударады. Математиканы оқи отырып, оқушылар өз өмірлерінде алғашқы рет жауаптарын толық түсіндіру және дәлелдеу талаптарымен кездеседі. Алғашқы кезеңде бұл талап оқушыларды таң қалдырады, қорқытады, қажет емес деп көрінеді. Бірақ уақыт өте келе олар оған де үйренеді. Біз үшін ең бастысы болып – оқушылардың бір-бірінің жауаптарын сыни қабылдауға үйрету. Яғни, сыныптың немесе топта жұмыс жасағанда есептерді шешу кезінде дәлелді сөйлеу кезінде, басқа оқушылар мүмкін сұрақтарын ойлап отырып, оларды қоя алулары керек. Ал ондай сұрақтарға толық жауап берген оқушы өзінің жеңісін сезініп, одан әрі жұмыс жасауға ынтасы арта бастайды. Сонымен қатар, ол оқушы өзінің жеңіске логикалық аргументация көмегімен жеткенін де түсіне бастайды. Бірақ осындай жеңіске жету үшін оқушыға сөйлеуге машықтану керек. Ондай дайындық білім алушыға өз ойын логикалық және дәйекті түрде жеткізуге үйретеді.


Осы іс-әрекеттегі зерттеуді бастауға мұғалімдердің математика сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдылары дамымағаны туралы сөздері алғышарт болды. Мысалы, мұғалімдер келесі пікірлерді білдірді: «Оқушылар математика сабақтарында өз ойларын

жеткізе алмайды», «Тақтаға шыққанда есептерді үндемей шығарады», «Есептің шартын ауызша айтқанда түсінбей қалады, өрнектерді жазып ала алмайды». Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу дағдыларына жаңартылған білім мазмұнының бағдарламаларында да талаптары бар. Олар «**Математика**», «**Алгебра**» және «**Геометрия**» пәндерін оқытудағы тілдік мақсаттар бөлімінде жазылған: Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «**академиялық тілі**» деп атауға болады.

Осының бәрін ескере отырып, мектеп мұғалімдерімен келісе отырып, алдымызға келесі мақсатты қойдық: Мұғалімдерге математика сабақтарында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін зерттеушілік әңгімені ұйымдастыру жолдарын анықтауда қолдау көрсету.

Осы мақсатқа қол жеткізген кезде мұғалімдер оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыта алады деп сенеміз. Бұның нәтижесінде оқушылар өздерінің ойларын дұрыс, дәйекті сөйлей алуға, өзінің пікірін дәлелдей алуға, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді.

Мектеп мұғалімдерімен жұмыс келесі алгоритм бойынша өтті:




Алғашқы кезеңде жұмыс тәртібі мен рәсімдері туралы келісімге қол жеткізілді және болашақ зерттеу гипотезасы анықталды. Сонымен қатар теориялық материалдарымен танысу өтті. Мысалы «Зерттеушілік әңгіме» анықтамасымен таныстық: «Зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады; идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді; ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді.» [1]

Сонымен қатар мұғалімдермен бірге «Коммуникация» ұғымы мен оның түрлері туралы түсініктер зерттеуге қатысушылардың барлығы да бірдей түсінетініне көз жеткізілді. Осының нәтижесінде коммуникация дағдыларының төрт түрін ажыратады деген тұжырым негізге алынды:

- › өзінің ойын ауызша мәтін түрінде нақты, ықшам, бұрмалаусыз рәсімдей алу дағдысы;
- › өзінің ойларын жазбаша мәтін түрінде рәсімдей алу дағдысы;
- › тыңдай алу, мәнін түсіне алу және сұрақ қоя алу дағдысы;
- › өздігінен әдебиетті зерттей алу дағдысы (түсінікпен оқи алу). [2]

Бұл ортақ шешім негізінде келесі гипотеза тұжырымдалды: «Зерттеушілік әңгіме түріндегі диалогты ұйымдастыру арқылы математика сабақтарында оқушылардың төрт коммуникация дағдыларын дамыту» (Сурет 1)



Сурет 1. Математика сабақтарында Зерттеушілік әңгіме түріндегі диалогты ұйымдастыру жолы.

Келесі қадамда оқушылардың коммуникация деңгейін анықтау үшін келесі сауалнама көмегімен анонимді диагностика өткізілді:

Құрметті оқушылар!

Сауалнаманың келесі сұрақтарына жауап беріп, өздеріңнің топта атқаратын жұмыстарыңды бағалаңдар

Талдау үшін келесі шәкілді қолданыңдар

5 - әрдайым,

4 – жиі,

3- кейде,

2 - сирек,

1 - жоқ.

Таңдаған жауаптарыңды дөңгелетіп қойыңдар

Кесте 1 Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын анықтауға арналған сауалнаманың түрі

номер	Сұрақтар	өзін-өзі бағалау				
		5	4	3	2	1
1	Келесі жағдайларда өзіңізді жайлы сезінесіңдер ме?					
	таныс топта жұмыс істегенде	5	4	3	2	1
	таныс емес топта жұмыс істегенде	5	4	3	2	1
2	Тапсырма орындағанда топта жұмыс істеу ұнайды ма?	5	4	3	2	1
3	Топта пікірінді қаншалықты жиі тыңдайды?	5	4	3	2	1
4	Топтың басқа мүшелерінің пікірін қаншалықты жиі тыңдайсың?	5	4	3	2	1
5	Ұжымдық талқылау барысында өз пікірінді өзгерте аласың ба?	5	4	3	2	1
6	Басқа балаларға сенімен бірге топта жұмыс істеу ұнайды ма?	5	4	3	2	1
7	Бірлескен жұмыс барысында туындайтын кекілжің (конфликт) жағдайларды баса аласың ба?	5	4	3	2	1
8	Тотық жұмысты қорғауға қаншалықты жиі қатысасың?	5	4	3	2	1
9	Бірлескен жұмыстың соңғы мақсатын қаншалықты нақты түсінесің?	5	4	3	2	1
10	Топтың бірлескен мақсатына барысында өзіңнің рөліңді, міндетіңді әрдайым анықтай аласың ба?	5	4	3	2	1
11	Топтық тапсырманың өзіңе қатысты бөлігін әрдайым сапалы орындайсың ба?	5	4	3	2	1
12	Жалпы тапсырманың өзіңе қатысты бөлігін әрдайым өзің орындауға тырысасың ба?	5	4	3	2	1
13	Өз команданың соңғы нәтижесіне жетуге әрдайым қызығушылық білдіресің бе?	5	4	3	2	1
14	Команданың жалпы нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінесің бе?	5	4	3	2	1

15	Команданың басқа мүшелерін оқытуда қаншалықты жиі көмектесесің?	5	4	3	2	1
16	Топтың басқа мүшелерінен қаншалықты жиі қолдау, көмек аласың?	5	4	3	2	1

Сауалнама сұрақтарын келесі бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді

- Ұжымдық тапсырманы орындау үшін әрбір қатысушының жауапкершілік дәрежесін – № 8, 11, 13, 14 сұрақтар;
- Топ мүшелерінің қарым-қатынасының дәрежесін – № 3, 4, 5, 15, 16 сұрақтар;
- Психологиялық жайлылық дәрежесін - № 1а, 1б, 6, 7 сұрақтар;
- Ұжымдық жұмысқа тартылу дәрежесін - № 2, 9, 10, 12 сұрақтар.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың математика сабақтарындағы коммуникация деңгейі төмен екендігі тағы да расталды. Осы деректер зерттеудің бастапқы индикторы ретінде қолданылды.

Үшінші кезеңде болашақ сабақтар жоспарланды. Осы кезде тренердің рөлі – мұғалімдерге коуч болу болып табылды. Осы позициядан мұғалімдерге көмек көрсетудің бір жолы ретінде **сұрақтар қою** болып табылады. Коуч позициясынан мұғалімдердің рефлексиясын дамытуға бағытталған жеңі ең жиі қойылған сұрақтар: «Сіз бұл туралы не білесіз?», «Оны қолдану тәжірибеңіз қандай?», «Оны тағы қандай жағдайларда қолдануға болады?», «Қандай қорытынды жасадыңыз?», «Келешекте оны қалай жүзеге асыра аласыз?». Осы сұрақтар көмегімен, мұғалімдердің берген кері байланыстары бойынша, өткен тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа қорытындылар жасауға мүмкіндік берілді. Сабақтарды жоспарлау барысында коммуникацияның төрт дағдысын дамытатын тапсырмалар құрастырылды. Төмендегі кестеде олардың мысалдары келтірілген:

Кесте 2 Коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалары бар жоспарлардың үзінділері

Өзінің ойын ауызша мәтін түрінде нақты, ықшам, бұрмалаусыз рәсімдей алу дағдысы;	Өзінің ойларын жазбаша мәтін түрінде рәсімдей алу дағдысы;			
<p>тапсырмалар жазылып тұрады, әр топтан кезектесіп бір-бір оқушыдан шығып тақтада жазылған бөлшекті оқып келіп өз тобының мүшелеріне айтады, топ мүшелері өздеріне жазып алады.</p> <p>А) Әр топтан бір оқушыдан кезектесіп, тақтада жазылған бөлшектерді оқып келіп, өз топ мүшелеріне жазғызады</p> <p>1-топ: $\frac{1}{2}$; үштен екі; $\frac{1}{100}$; он бірден жеті</p> <p>2-топ: алтыдан бес; $\frac{8}{7}$; $\frac{12}{12}$; тоғыздан бес; жиырмадан он жеті</p> <p>3-топ: ...</p> <p>Тақтада А4 жапсырылған тапсырмалар</p>	<p>б) 0,41;</p> <p>в) 2,004</p> <p>2. Ондық бөлшекті жазыңдар:</p> <p>а) жеті бүтін мыңнан он тоғыз; Жауабы: _____</p> <p>ә) бес бүтін жүзден жиырма жеті. Жауабы: _____</p> <p>Оларды аралас сан түрінде жаз.</p> <p>Бағалау: топтар бірін-бірі бағалайды</p> <p>Тапсырма №2</p> <p>Разрядтағы цифрлар неше бірлік, ондық, жүздік, біклік мың, ондық мың, жүздік мың бар екенін көрсетеді және осы сан шығу үшін оларды қосу керек.</p> <table border="1" data-bbox="821 1534 1189 1579"> <tr> <td>62</td> <td>6 ондық</td> <td>60 + 2</td> </tr> </table>	62	6 ондық	60 + 2
62	6 ондық	60 + 2		
Тыңдай алу, мәнін түсіне алу және сұрақ қоя алу дағдысы;	Өздігінен әдебиетті зерттей алу дағдысы (түсінікпен оқи алу).			

<p>Жұптық жұмыс Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмалары Кітапта берілген мәліметтерді 240 -244 беттердегі оқиды Сұрақ - жауап арқылы бағалау 1.Дөңгелек диаграмма салу үшін не білу қажет? 2.Секторға бөлу үшін нені білу керек? 3.Бағанды диаграмма салу үшін не білу қажет? 4.Сызықтық диаграмма салу үшін не білу қажет?</p> <p>Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмалары</p>		<p>3125саны 75-ке еселік пе болғи не ? «Түртін алу» стратегиясы Оқушылар оқулықпен жұмыс жасайды. Мәтінді оқып, белгілейді: Мақсаты: Жаңа сабақты меңгерту «V»-«білемін» «>»-« мен үшін жаңа білім» «+»-«білмеймін» «?»-«мені таң қалдырды»;</p> <p>Мәтінді оқып, белгілейді және оған жауап береді. Егерде білсеңіз, белгілеңіз: білемін, білмеймін, мен үшін жаңа білім, мені таң қалдырды. Сұрақтарға жауап беріңіз: «V», «>», «+», «?»</p> <p>Жауаптар: 1) 3125 : 75 = 41,666... 2) 3125 : 75 = 41,666... 3) 3125 : 75 = 41,666... 4) 3125 : 75 = 41,666...</p> <p>Қорытындыны оқушылар өздері тұжырымдайды. ҚБ:</p> <p>«Бас бармақ» тәсілі</p> <p>Барлығы түсінді</p>
---	--	--

Төртінші кезеңде жоспарланған сабақтар өткізілді және әрбір сабақ бақыланды. Бақылау кезінде оқушылардың ата-аналарының келісімі бойынша фото және бейне түсірілім жүргізілді. Сабақтан кейін оқушылардан кері байланыс алынды. Яғни, зерттеу барысы туралы сандық және сапалық деректер жинақталды.

Бесінші кезеңде өткен сабақтардың нәтижелері талдаудан өткізілді. Алынған деректерді талдау нәтижесінде зерттеу тобының мүшелері өткізілген іс-шаралар күтілген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді деген қорытындыға келді. Оқушылардың пікірлері бойынша де осы зерттеу шеңберінде өткен сабақтардың мазмұнын толығырақ ұққандары аталды. Сонымен, топ мүшелері зерттеу гипотезасы ақиқат болды деген қорытындыға келді. Яғни, зерттеушілік әңгіме арқылы оқушылардың бойында коммуникацияның төрт дағдысын дамыту – тиімді жолдардың бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогикалық шеберлік орталығы. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша «Мұғалімге арналған нұсқаулық». Астана, 2016. 201 б.
2. Запятая О.В. Формирование и мониторинг общих умений коммуникации учащихся: методическое пособие. Красноярск: Торос, 2007. 136 с.

«Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі»

Кожаниязова Гайни Магзумовна,
физика пәнінің мұғалімі,
Хакимова Сауле Жумагуловна,
математика пәнінің мұғалімі
Байгенжина Гүлдәурен Тыныштықбайқызы,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Затобол
E-mail: gaini8@rambler.ru

Аннотация

Мұғалімнің инновациялық әлеуетін дамыту – бұл оның өзін-өзі дамыту үрдісі, ал дамытудың технологиясын меңгеруге педагогикалық мәселелерді шешуде маңызды роль атқаратын зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады.

Өзектілігі: Зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы тәжірибелік дағдыларды дамыта түсу, стратегиялық тұрғыда ойлануды меңгеру қажеттігі

Мақсаты: Оқу мен оқытуды жетілдірудің тиімді жолдарын зерттеу

Аннотация

Развитие инновационного потенциала учителя – это процесс его саморазвития, а освоение технологии развития достигается через исследовательскую деятельность, которая играет важную роль в решении педагогических проблем

Актуальность: Развитие практических навыков через исследовательскую деятельность, необходимость стратегического мышления

Цель: Изучение эффективных путей совершенствования обучения

Abstract

Development of the teacher's innovative potential – this can be achieved through the process of self – development, research and development, which plays an important role in solving pedagogical issues

Relevance: To develop practical skills through research activities, develop strategic thinking

Goal: To research the efficiency of studying and learning

Түйінді сөздер: зерттеушілік іс-әрекет, тәжірибелік дағды, ынтымақтастық, оқытуды жетілдіру

Ключевые слова: исследовательская деятельность, практические навыки, сотрудничество, совершенствование обучения

Keywords: To research activities, to practical skills, collaboration, the improvement of learning

Қазіргі заман педагогикасы - үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сондықтан өзгерістерге толы бүгінгі күн оған ілесе отырып, ұстаздан кәсіби құзыреттілігін жоғарылауын, кәсіби қызметке байланысты мәселені шешуде дербестік пен шығармашылық таныта білуін, тез бейімделіп және өзін көрсете білуін талап етеді. Өмірлік және кәсіби мәселелерді шешу көп жағдайда заманауи білім берудің мақсаттарына сәйкес келетін «құзырлылық», «құзыреттілік» ұғымдарымен бейнеленетін қасиеттерге тікелей байланысты. Құзыретті жүзеге асыру іс-әрекетті табысты жүзеге асыру деп айтуға болады. Ендеше, әр ұстаздың негізгі мақсаты – өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру. Ал, кәсіби деңгейін дамыту зерттеушілік

қабілеттілікпен байланысты. Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында бүгінгі заман талабы кәсіби шеберлік деңгейі жоғары, педагогика мен психологияны терең меңгерген шығармашылық әлеуеті жоғары мұғалімді қажет етеді. Бұл өз кезегінде оқыту үдерісінде мұғалімнің зерттеушілік қызметінің ролін арттырады. Сыни тұрғыда ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, кәсіби шебер мұғалім алдына қойған мақсатына үнемі іздену және өзін-өзі дамыту арқылы жетеді.

Ізденістің ең бір елеулі де, маңызды да, дәлелдемесі болатын, тәжірибе болып қалатын, адамды дамыта түсетін жұмыс – зерттеу жұмысы. Зерттеу арқылы көп мәселенің шешімін тауып, жетістікке жетуге болады. Мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілігі - кәсіби дамудың бір жолы. Зерттеушілік құзыреттілік өз бетінше жаңа білім жүйесін алу және меңгеруде саналы түрде дайындықтан көрінетін қасиет деп сипаттауға болады. Сонымен қатар ойлау процесі мен зерттеушілік белсенділіктің даму деңгейін көрсетеді: мәселені анықтау және оларды шешу жолдары туралы болжамдар құру, міндеттер қойып, оларды шешуді негіздеу. Зерттеу ортасына оқу материалының мазмұнын білу, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу жайлы білім, зерттеудің ғылыми әдістерін білу сияқты қажетті білімдер тобы жатады. Зерттеу жүргізу іс-әрекетсіз мүмкін емес. Зерттеу жұмысында зерттей алу біліктілігі маңызды: яғни ғылыми ізденіс жүргізу, зерттеудің мазмұнын, мақсатын, логикасын, бағдарламасын жасау, тиімді әдістерді таңдап алу және қолдану, оның нәтижесін өңдеу, ғылыми тұрғыдан талдау, қорытынды жасау.

Қандай саладағы болмасын, зерттеулер – сол салада жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс үдерісі. Зерттеудің басты мақсаты мен міндеті деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжау, нәтижесін көру болып табылады.

Білім беру үдерісінде жүйелі зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін, оқу мен оқытудың оң және кері тұстарын талдай отырып, бағалауға болады, яғни нақты түйіндер туындайды, педагогикалық жүйелілікті дамытудың модельдері ұсынылады. Зерттеу - педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін, іргелі, нәтижеге бағдарланған іс.

Зерттеушілік құзыреттілікке ие тұлғаның негізгі сипаттамасына өзін-өзі жетілдіруге деген үнемі құштарлық пен қабілеті, танымдық белсенділігі және дербестігі жатады. Зерттеушілік іс-әрекет шығармашылық іс-әрекетпен байланысты. Өз мүмкіндігін білетін зерттеушілік қабілетті мұғалім оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, табысты оқыта алады. Бұл ретте жаңа технология мұғалімнің мүмкіндігін қуаттандыратын құрал болып табылады.

Қазіргі заман қажет ететін мұғалім - қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беретін, жаңалыққа жаны сергек, педагогикалық құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғысынан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлігі мен қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын, әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын, кәсіби шеберлігі дамыған шығармашыл тұлға.

Зерттеуші мұғалім зерттеу барысында өзінің жеке идеяларын инновациялық тәжірибеге айналдыра алады, зерттеуімен мектепшілік, аудандық, облыстық әдістемелік конференцияларда, семинарларда бөлісе алады, кәсіби байқауларға қатыса алады. Осындай іс-шараларда әріптестерін қызықтыратын мәселелерді шешу жолдарымен бөлісіп, талдауға қатысады, түзетулер енгізеді, озағ тәжірибеге енгізе алады. Сонымен қатар, мұғалімнің зерттеушілік қабілеті алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені меңгеруде, өз қызметін, жақсы қасиеттерін, мүмкіндігін білуде, өз тәжірибесі мен ұжымдарының тәжірибесін талдауда және жалпылауға қатысуда, әдістемелік қиындықтарды анықтауда, оларды шешу жолдарын іздеуде, оқыту

технологияларын зерделегенде мұғалімнің жеке зерттеу қызметінің қажеттілігін түсінуі, оқу бағдарламаларын дайындауға қатысуы, жаңа оқыту технологиясын меңгеруі және жұмыс істеуі т.б. тәжірибе жинақтау нәтижесінде қалыптасады. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу өскелең ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Зерттеудің ең қолжетімді түрінің бірі - өзара сабақтарға қатысып, оқу мен оқытуды жақсарту мақсатында сабақтағы іс-әрекетті зерттеу жұмыстарын жүргізу. Бұл тәсіл – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын ынтымақтастық педагогикалық тәсіл.

Мектептерде мұндай зерттеулерді жүзеге асыру үшін құрылған мұғалімдер топтарын шағын қоғамдастықтың бастауы ретінде қарастыруға болады. Осы тәсілді қолдана отырып, мұғалімдер сабақты зерттеп, оны зерделеу барысында оқыту мен оқуды жетілдіру арқылы өздерінің кәсіби шеберлігін дамыта алады, тәжірибелі мұғалімдермен қатар, жас мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі, бірлескен топ жұмыс жасайды, жоспарлау, қадағалау, талдау арқылы мұғалімдер оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырады. Зерттеу барысында бақылаған нақты сабақты жеке жоспарлаған сабақтарымен салыстырады. Бұл - мұғалімдерге өздерінің әдетте мән бермейтін, елемейтін нәрселерді аңғаруларына мүмкіндік береді.

Сабақты зерттеу - оқытуды жетілдірудің ерекше тәсілі, оқыту үрдісінде өте маңызды орын алады. Ең маңыздысы мұғалімнің зерттеу қабілеті жетіледі. Сабақты зерттеу әдісі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы деуге болады, мұғалімдерді тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі, мұғалімдер топтарының мәселені белгілеп, оны шешу жолдарын талдауын, зерттеуді бірлесіп жоспарлауын, оны жүзеге асыруын және оқуды талдауын көздейді, оқу мен оқыту тәсілдерінің ықпалын күшейте түседі. Сабақтың сапасын жақсарту үдерісі ғана емес, оқушылардың белсенділігін арттыруда да маңызды болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби дамуының негізгі шарты - құзыреттілікті арттырудың жаңа мүмкіндіктерін іздеу. Зерттеу жұмысы осы бағытта бірден бір жолы деп санауға болады. Зерттеулер белгілі кезеңдегі күрделі мәселелердің жауабын табуға мүмкіндік береді, жаңа идеялар туындайды, ғылым мен практиканың мүмкіндік деңгейін сипаттайды.

Мектепте туындайтын негізгі мәселені нақты басымдыққа алып, зерттеу тақырыбы анықталғаннан кейін зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері айқындалады, зерттеу жоспары құрылып, негізгі шаралар жасалады. Зерттеу нәтижесінде бірқатар мәселелер шешілетіні мәлім.

Оқу және оқыту әдістемесінің дами түсуінің басты шарты – педагогтардың бірлескен іс-әрекеті. Егер тәжірибелік ізденістер педагогикалық әдістер жүйесін жете білуімен жүргізілетін болса, педагогтың зерттеушілік қабілеті дамитын болса, онда оқыту табысты болары сөзсіз.

Қазіргі ақпараттық қоғамда білім берудің негізгі талаптары білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін жандандыру болып табылады. Оқушы өз қабілеттерін, іскерліктерін қаншалықты жүзеге асыруы оқушының көңіл-күйіне ғана емес, оның оқу үрдісіне қатынасы және оның дамуына әсер етеді. Тек белгілі бір білім қорына ие азаматты тәрбиелеп қана қоймай, сонымен қатар, еңбек сүйгіш, табысты, өмірге икемді, білім негіздерін терең меңгерген, зиятты, өз ұстанымы мен көзқарасы бар, табанды азамат тәрбиелеу үшін оқыту үдерісін жетілдіруде зерттеу әдістері маңызды роль атқарады. Мақсаттан нәтижеге жету оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Сондықтан зерттеу тәжірибесі арқылы білім беру мен тәрбиелеудің сапасын көтеруге, әрбір пәнді оқытудың ғылыми деңгейін жоғарылатуға болатыны анық. Ендеше, тиімді оқытуды

қамтамасыз ететін, яғни мектепте оқу үдерісінде нәтижелі білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерінің бірі іс-әрекетті зерттеудің берері мол. Оның тиімділігі педагогтың кәсіби өсуін және өзін-өзі дамытуын, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге мотивациялық әзірлігін, мектептің ақпараттық-әдістемелік кеңістігі аясын кеңейтуді, педагогтың ақпараттық біліктілігін, бұл оның ақпаратты іздестіру мен өңдеу тиімділігін, ақпараттық-коммуникациялық заманауи технологияларды пайдалана отырып, жұмыс жүргізуге, топтық қызмет пен ынтымақтастыққа әзірлігін қамтамасыз етеді.

2018-2019 оқу жылы сыныптардың ішінде мектеп бойынша білім көрсеткіштері, яғни білім сапасы төмен болуына байланысты 3 «Ә» және 8 «В» сыныптары таңдап алынып, «Оқушылардың ынтасы мен белсенділіктерін арттыруда зерттеу әдісінің маңыздылығы» тақырыбында 8 «В» сыныптың химия және 3 «Ә» сыныптың математика пәндері сабақтарындағы іс-әрекеттерді зерттеу жұмысы жүргізілді. Ондағы мақсат - оқушылардың ынтасы мен белсенділіктерін арттыру. Сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің барлық талаптары, мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу мәселесі бойынша білім алушылардың әрекеттері бақыланып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтары айқындалып, сабақты талдағанда осы деректер ескеріліп, сабақты жақсартуға бағытталған жоспарлар қолданылды. Зерттеуге алынған сыныптардың пән мұғалімдері, химия пәнінің мұғалімі Еримбетова Г.Т., бастауыш сынып мұғалімі Қасымова І.Қ. жас мамандар болса да, сабақтарды құрылған жоспарлар бойынша өте жақсы деңгейде өткізді. Екі сыныпта да алғашқы сабақта оқушылардың сабаққа қатысу белсенділіктері өте төмен болды. Мұғалімнің басты қағидаты – оқушының өте аз болса да, алға дамуын байқау және оның жетістігін қолдау. Бірден ынтасы мен белсенділіктері 3-4 сабақта артып кетпейтіні анық, бірақ жетістік аздап болса да алға жылжудан басталды, оқушыларда да, мұғалімдерде де елеулі өзгерістер байқалды. Сабақтарда тапсырмаларды орындау барысында біртіндеп қызығушылық таныта бастағандар саны қосыла бастады. Сабақ өткізген пән мұғалімдерінің пікірлері: осындай топтасу, бірігіп жұмыс істеу нәтижесі оларға оқытудағы қиындықтарды шешуге жол ашады. Ерекше әсер алғандарын айтып, осындай зерттеулердің берері мол екеніне сенімді. Оған дәлел - І.Қ.Қасымованың өзінің зерттеу туралы ойларымен, жалғастыру бойынша ұсыныстарымен педагогикалық кеңесте бөлісуі.

Биылғы оқу жылы қазан айында «Қалыптастырушы бағалау – сөйлеу дағдысын арттыру негізі» тақырыбында 8 «Ә», 9 «Ә» сыныптың қазақ әдебиеті, 9 «Б» сыныптың тарих сабақтарында оқушылардың іс-әрекеттерін зерттеу жұмысы жоспарланып, жүргізілді. Бұл сыныптарды таңдауға барлық пәннен басым көпшілігінің тілдік қоры аз, сұрақтарға қысқа жауап бере салуы немесе түсіндіре алмауы, жазба жұмыстарында ойын жеткізе алмаулары себеп болды. Зерттеудегі мақсат - сыныптағы оқуды жетілдіру арқылы тілдік қорды молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту. Сабаққа қатысушы топтан басқа, қызығушылық танытып, сабаққа қатысушы мұғалімдер де аз болған жоқ. Олардың пікірлері де тыңдалды.

Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері Бүркітбаева А.М. және Нуржанова С.Т., тарих пәнінің мұғалімі Тастайбаева Н.Ә. сабақтарды жоғары дәрежеде өткізді. Оған дәлелдің бірі – оқушылар мен қатысушылардың пікірлері, жазбалары, бақылау парақтары. Бұл сабақтарда басында оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігі, оқуға деген ынтаның төмендігі байқалды. Кейіннен өздеріне назар аударылғанын сезіне бастағандай, іс-әрекетке көше бастады. Жеке жұмыс жасауда үлестірмеде 4 тапсырма беріліп, оқушы өзінің таңдауы бойынша біреуін орындайтыны тапсырылды. Бұл әдіс оқушылардың өз еркі бойынша таңдауына, әрі белсенділік танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыстарын басқалары бағалап отыруы оқушыларда жақсы әсер

қалдырды (Нуржанова С.Т. сабағында). Әр оқушы өзіне берілген тапсырмаға, басқаны бағалауға жауап беру үшін сөйлейді. Сабақ сайын сөйлейтін болса, сөйлеу мәдениетін, тілдік қорын кеңейтуге болады. Әр сабақ өзінше ерекше. Әрбір оқыту әдісі – белгілі бір мақсатқа жетудің құралы.

Биылғы оқу жылы мектепте осындай іс-шараға қатысушылар, яғни сабақ бергендер, зерттеуші топтар мүшелері, сабаққа қосымша қатысқандар оң әсер алып, тиімділігін сезініп, ұсыныстары бойынша бірлестіктерде осындай тиімді зерттеулер өткізу жұмыстары жоспарланып, жалғасын таппақ.

Қорыта келе, жұмыс нәтижелі болу мақсатында мектепте барлық деңгейде тиімді топтар құруға және мұғалімдердің кәсіби қауымдастығына ерекше назар аудару қажет деп ойлаймыз. Себебі, топта жұмыс жасай жүріп, тәжірибелік дағды қалыптасады, өз жұмысында да өзіндік талдау жасап, өзінің іс-әрекеттерін зерделеп, өзіне баға бере алатын болады, ол - өзін жетілдіруі, оқу мен оқыту үдерісін жақсартуда өз үлесін қосатыны сөзсіз. Бірлесіп, топтасып оқу - өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге ұмтылдыратын әдіс.

Әдебиет тізімі:

1. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы, -Алматы: «Жазушы» баспасы, 2009, 155-195 б
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Астана, 2014, 48-51 б

ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА: ФОКУС НА ИНКЛЮЗИВ

Колесникова Ирина Евгеньевна
учитель-лидер КГУ «Урицкая школа-лицей
отдела образования акимата
Сарыкольского района»,
ir.kolesnikova2010@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты.

Бұл мақалада білім беру мазмұнының жаңартылған бағдарламалары бойынша инклюзивтік сыныптарда Lesson Study сабағының бірқатар зерттеулері бойынша педагогикалық қызмет тәжірибесі қарастырылады. Автор бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуды сәтті ұйымдастыру үшін зерттеу жұмысын әдістемелік сүйемелдеу жүйесін сипаттайды. Қорытындылар мен ұсыныстар ұсынылады. Сонымен қатар инклюзивті сыныптарда бастауыш сынып педагогының жұмысы үшін өзекті құрал ретінде зерттеу қызметінің өнімдері ұсынылды.

Аннотация

Актуальность. Цель.

В данной статье рассматривается опыт педагогической деятельности по исследованию урока Lesson Study в инклюзивных классах в разрезе обновлённых программ содержания образования. Автор описывает систему методического сопровождения исследовательской работы для успешной организации обучения детей с особыми образовательными потребностями в начальной школе. Предлагаются выводы и рекомендации. А также представлены продукты исследовательской деятельности, как актуальный инструментарий для работы педагога начальной школы в инклюзивных классах.

Abstract

Relevance.Goal.

This article discusses the experience of pedagogical activity in a number of the Lesson study in inclusive classes in the context of updated educational curriculum. The author describes a system of methodological support for research for the successful organization of training for children with special educational needs in primary school. Conclusions and recommendations are proposed. And also the products of research activities are presented, as an actual tool for the work of an elementary school teacher in inclusive classes.

Түйінді сөздер: зерттеу, инклюзивті білім беру мәселелері, ұсынымдар, зерттеу өнімі

Ключевые слова: исследование, проблемы инклюзивного образования, рекомендации, продукт исследования

Keywords: research, problems of inclusive education, recommendations, product of research

Образование всегда было неотъемлемым правом человека. Сегодня в системе образования приоритетным направлением является обучение детей с особыми образовательными потребностями. Вопросы обеспечения жизнедеятельности детей данной категории определены в Законах Республики Казахстан «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», а также в ряде нормативных правовых актах. Имея равные со всеми другими детьми права на образование и творческое развитие, в жизни дети с ограниченными возможностями нередко лишены возможности реализовать это право в полной мере. Следовательно, проблема, которую необходимо решить нам - педагогам: создание условий для успешного включения детей с ООП в школьное сообщество. [2]

Каждому педагогу известно, что в этом вопросе существуют противоречия: между требованием к инклюзивному образованию – сделать доступным образование для всех, независимо от индивидуальных особенностей ребёнка и педагогическим

консерватизмом при отсутствии конструктивного инструментария. Под инклюзивным образованием понимается система и процесс включения детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательные школы, и создание для них условий на получение качественного образования. [1]

Учителя в растерянности: как обучать наравне с другими, как предлагать информацию для усвоения одинаковую для всех без упрощения, как ссоры и сочи проводить на общих основаниях.

Как правила за помощью и советами, как работать с детьми данной категории, учителя обращаются к психологам. Психологи дают советы, как работать с тем или иным ребёнком. Но зачастую это не работает, потому что психолог рассматривает ребёнка в индивидуальном порядке, а педагогу нужно развивать личность при включении их в общую группу. Учитель опять разводит руками, и в лучшем случае посадит ребёнка за последнюю парту и будет осуществлять индивидуальный подход инструментарием 90-х годов, оторвав ребёнка от всего класса.

Проведя ряд исследований, мы уверены в том, что помочь учителю разработать систему работы в инклюзивном классе могут коллеги-наблюдатели, которые со стороны фиксируют практику преподавания и обучения конкретного учителя в конкретном классе и дадут советы по организации правильной работы в условиях инклюзива. По сути, речь идёт об Исследовании урока - Лессон стади.

Планируя проведение исследований, мы предложили всем педагогам школы принять участие в анкетировании, и выяснили, что вызывают сомнения в успешном обучении детей с диагнозом ЗПР три фактора: слабые навыки коммуникации детей с ООП, неумение использовать ресурсное обеспечение для собственного обучения, а также отсутствие навыков оценивания. Эти вопросы и легли в основу исследований.



В течение года была проведена триада исследований. Мы предположили, что исследование, базирующееся на реальной практике преподавания и обучения, способствует поиску конкретного решения для осуществления педагогами инклюзивного образования в общеобразовательных школах.

Первое исследование мы проводили в октябре 2018 года по проблеме «Вовлечение в групповую коммуникацию детей с ООП для успешного обучения».

Второе исследование было проведено в январе 2019 г. по проблеме

«Использование иллюстративного материала на уроках с целью повышения мотивации детей с особыми образовательными потребностями к учению». Третье исследование проводилось в марте 2019 г. «Адаптивная система самоконтроля детей с особыми образовательными потребностями, как фактор оценивания собственной деятельности».

Репрезентативная выборка педагогов для исследования составляла 20 учителей начального звена, большинство из которых были уверены в том, что детей данной категории нужно обучать по упрощённым программам и в



индивидуальном порядке. После проведённых исследований педагоги поменяли своё убеждение. Это можно увидеть на диаграмме.

Какие же рекомендации были выработаны по материалам трёх исследований?

- Во-первых, мы чётко определили, что детей данной группы нельзя постоянно отделять от других детей. Это объединение позволяет им делать новые открытия. Пусть самые маленькие, но открытия. Важно сформировать у этих детей поисковые способы ориентировки при выполнении задания. Ведь в процессе поискового опыта ребенок отбрасывает неудачные, нерезультативные варианты и больше к ним не возвращается. Он, как бы, фиксирует удачные пробы, стараясь их повторить.

- Во-вторых, использование иллюстративного материала положительно влияет на усвоение не только программного материала, но и учит применять его в жизни. Учителю необходимо подбирать ресурс общий для всех, для этой категории детей дополнять ресурс иллюстративным материалом без упрощений.

Инклюзивное образование предполагает высокий уровень обеспеченности ресурсами. Однако, на мой взгляд, оно требует не больше ресурсов, чем обучение ребенка с особыми образовательными потребностями в специальной школе. Другими словами, то, что требуется - это перераспределить ресурсы так, как это делают во многих странах, на основе принципа «ресурсы идут за учеником». И современная школа способна обеспечить необходимые условия для успешного развития детей с особыми образовательными потребностями.[3]

- В-третьих, дети с особыми образовательными потребностями могут оценить свою деятельность, если им предложить в качестве помощи, дескрипторы по которым каждый обучающийся может себя оценить, а для детей с ООП обязательно использовать пошаговый компонент, раскладывая каждый дескриптор на логичные сегменты.

Напомним основные формы занятий, зависящие от количества участников процесса:

- Индивидуальное обучение – индивидуальные задания на уроке, задания на дом.
- Парное взаимообучение (стабильные пары или пары сменного состава) - объясняют друг другу какой-либо вопрос, защищают свою тему, оценивают результаты работы товарища.
- Групповая работа – обучение внутри группы: объяснение материала, обсуждение, оценка работы, выступление.
- Фронтальное обучение всего класса. [4]

Благодаря проведённым исследованиям, мы составили циклограмму работы педагога в инклюзивном классе.

Понедельник - стандартная работа в классе

Вторник - работа в группе

Среда - работа в парах с высокомотивированными детьми


Четверг- работа в парах с низкомотивированными детьми (поддержка учителя), ребёнок с ООп может попробовать себя в качестве лидера.

Пятница- работа в инклюзивной группе (поддержка учителя)

Любые изменения в поведении, в обучении, в плане коммуникативного взаимодействия фиксируются учителем для практики преподавания и организации обучения. Многие учителя скажут: опять дополнительная работа на учителя. Мы несколько оптимизировали лист наблюдения за обучающимися инклюзивной группы. Лист наблюдения представлен в виде Дерева проблем.

В корне дерева фиксируется информация, предоставленная ПМПК. В ветках - проблемы, существующие в аспекте обучения. В листе – проблемы коммуникации.

При этом ведение записей в цветовой гамме позволяет фиксировать изменения.



Так, например, синим цветом ведём запись стартового положения, зелёный цвет указывает промежуточную динамику и красным цветом выводы (уровень успеха, пусть даже самого незначительного). Левое и правое пространство листа наблюдений используется для записи методов коррекции (АМО – активные методы обучения, АМВ – активные методы воспитания).

Один лист наблюдения на каждого ребёнка педагог ведёт в течение месяца. Все листы в течение определённого периода накапливаются в специальной папке. Данный материал предлагается для обсуждения родителям на регулярных консультациях (один раз в неделю, месяц) или консультациях по требованию. Ведь чаще всего родители выступают в роли тьюторов и способствуют успешному обучению своих детей, тем самым оказывая педагогу большую помощь.

Свой опыт мы транслируем повсеместно: проведена серия мастер-классов для ведущих партнёрских школ, школ района, области, принимали участие в Международной научно-практической конференции Национальной Академии образования имени Ибрая Алтынсарина, являемся активными участниками областной творческой группы при Управлении образования Костанайской области.

По материалам исследований был создан ряд методических продуктов для педагогов: методические рекомендации для инклюзивных классов. В приложении представлено примерное краткосрочное планирование уроков в начальной школе. Сборник мастер-классов включает в себя технологические карты для реализации мастер-классов в педагогических сообществах. Особую ценность представляет материал для исследований в таблицах и картах для реализации исследования уроков. Для аналитической деятельности педагога по вопросу изучения инклюзивного компонента на конкретных жизненных ситуациях был разработан кейс-дневник наблюдений.

После проведения исследований мы убедились в том, что ценность инклюзивного образования в том, что «смешение» учеников – это успешная альтернатива закрытому специальному образованию в коррекционных классах.

В обновлённой системе образования актуальным является критериальное оценивание. Объективная система оценивания формирует у обучающихся навык оценивания своих реальных возможностей. При этом важна роль педагога, который должен создать такие условия, чтобы ребёнок мог конкурировать с другими детьми. Так дети с особыми образовательными потребностями готовят себя к жизни. А мы: школа, общество, государство должны им в этом помочь.

Список литературы:

1. Анализ мировой практики успешного внедрения принципов инклюзивного подхода в обучении по методологическому и научно-методическому сопровождению инклюзивного образования: Методические рекомендации. Министерство образования и науки республики Казахстан Национальная академия образования им. И. Алтынсарина. Астана. 2015
2. Бейсенбаева Б. Ж. Актуальность инклюзивного образования в сфере развития современной образовательной системы. Актуальные вопросы современной педагогики: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Самара, март 2016 г.). — Самара: ООО «Издательство АСГАРД», 2016
3. Инклюзивное образование. Настольная книга педагога, работающего с детьми с ОВЗ: Методическое пособие под редакцией Старовойтовой М.С. — М: Гуманитарный изд. центр ВЛАДОС, 2011
4. Самсонова, Е. В. Основные педагогические технологии инклюзивного образования : учебно-методическое пособие / Е. В. Самсонова, Т. П. Дмитриева, Т. Ю. Хотылева. — Москва : Педагогический университет «Первое сентября», 2013.

«САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ» ТӘСІЛІ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ

Кумарова Булбул Рахимовна

бастауыш сынып мұғалімі

с. Федоровка

E-mail: bulbul_75@inbox.ru

Аннотация

Өзектілігі:

- тез өзгермелі заманда білім жүйесі мен тәжірибесін үнемі жетілдіру қажеттілігі;
- заманауи педагогиканың басты басымдығы білім алушылардың тәрбие деңгейі мен білім сапасын арттыру мәселелері.

Мақсаты:

Заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Аннотация

Актуальность:

- необходимость постоянного совершенствования системы и практики образования обусловлена социальными переменами, происходящими в обществе;
- вопросы повышения качества обученности и уровня воспитанности личности учащегося были и остаются приоритетными в современной педагогике.

Цель:

Развитие функциональной грамотности у обучающихся через внедрение в учебный процесс современных технологии и приемов и методов обучения.

Abstract

Relevance.

- the need for continuous improvement of the system and practice of education due to social changes taking place in the community;
- questions of improvement of quality of training and level of education of the personality of the pupil were and remain priority in modern pedagogy

Goal:

The development of functional literacy in students through the introduction of the educational process of modern technology and techniques and teaching methods.

Түйінді сөздер: сабақты зерттеу, бірлескен орта, командалық жұмыс, кері байланыс, жоспарлау, тәжірибеалмасу, сенім

Ключевые слова: исследование урока, колоборативная среда, командная работа, обратная связь, обмен опытом, доверие

Keywords: lesson study, collaborative environment, teamwork, feedback, experience sharing, trustю

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге болу – бұл прогресс, бірігіп жұмыс жасау – бұл табыс» деп Генри Форд айтқандай [1, б. 8] «Мектептегі тәжірибемді» өзім көшбасшы ретінде таныла отырып, өз мұғалімдерімді де көшбасшылыққа жетелеу арқылы мектепті дамытудағы үлесімізді арттыру болып табылды. Ал табысты мұғалімдер біріккен жағдайда мектептің оқушылары да табысты болмақ.

Зерттеу жұмысының алдында аудит жүзеге асырылды. Мектебіміздің «Ізденіс» қоғамдастығының отырысын ұйымдастырып, мектеп проблемасын анықтауда аудит жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 20 мұғалім қатысты. Осы сауалнаманың қорытындысы бойынша және тәлімгерлердің тәлімалушыларымен кәсіби әңгіме жүргізулері және сабақтарға қатысу арқылы мектептің ортақ мәселесі анықталды: мектептегі оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуде бірлескен жұмыстың әлсіздігі, мұғалімнің қалыптастырушы бағалау бойынша кәсіби шеберлігінің төмендігі. Осыған орай сабақты не үшін, қалай өткіземіз, қандай бағытта жүрсек дұрыс нәтижеге жетеміз деген көп сауалдар пайда болды? Бірлескен жұмыс ортасын құру арқылы мұғалімдердің қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіру тақырыбына тоқталдық. Зерттеу жұмысын дұрыс бағытта жүргізу мақсатында мектеп көшбасшыларына міндеттер бөлінді. Сонымен қатар, тәжірибе алмасу жұмысы арқылы кәсіби шеберлігімізді арттыруда көмегі зор болады деген өздерінің бастамасымен көшбасшылар құрамын екі жас маманға да міндеттер бөлінді. Осылайша жұмысымызды тиімді жүргізу мақсатында бөлінген көшбасшылықты жүзеге асырдық. Аталған жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін жетекші, үйлестіруші, бақылаушылар, операторлар, сарапшылар, кофе-брейк ұйымдастырушысы тағайындалды. Осылайша, мектебімізде бөлінген көшбасшы қызметтерін атқаруға кірістік.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады, оқушылардың дағдыларының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейін көрсетеді, оқудағы қиындықтарды анықтап, оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. [1, б. 90] Аудиттің нәтижесі бойынша мұғалімдердің қалыптастырушы бағалау дағдыларының жеткіліксіздігі анықталған, ал оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын қалыптастырушы бағалауды оқу үдерісінің басты тұлғалары дұрыс жүзеге асырмаса, онда оқушының қалыптасуына үлкен кедергі келтіретіні сөзсіз.

Сонымен мұғалімдерің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында бірлесе отырып, коучингтер жоспары әзірленіп, жүзеге асырылды. Бірінші коучинг «Сабақты зерттеу» тәсіліне арналды. Коучинг барысында мұғалімдер белсенділік танытты. Сабақты зерттеу бойынша ақпараттар беріліп, бірлесе отырып, «Ойлаудың алты қалпағы» стратегиясы арқылы сабақты зерттеудің барлық тұстары талқыланды. Кейбір мұғалімдерге таныс емес тәсіл болғандықтан ақпарат беру тиімді әдіс болды. Бірақ, коуч көп уақытын мұғалімдердің психологиялық-эмоционалдық жай күйіне кетірді. Осыған байланысты тақырыптың негізгі тұстары проблеманы анықтау, зерттеу тақырыбын құрастыру, жұмыс жоспарын құру, топтың міндеттерін бөлу, толтыратын құжаттармен жұмыс сияқты маңызды тұстары қалып қойды. Сондықтанда уақыттың тапшылығына байланысты «Зерттеушілер» тобымен қайта түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылды. «Оқу мақсаты мен критерийлердің сәйкестігін қамтамасыз ететін тапсырмалар әзірлеу» және «Тиімді кері байланыс тәсілдері» коучингтері тиімді жүзеге асырылды. Сонымен, мұғалімдерге қалыптастырушы бағалау бойынша толық ақпарат беріліп, дағдыларын жетілдіру жұмыстары жүзеге асырылды. Әр коучингтен кейін «Ізденіс» мұғалімдер қоғамдастығы мұғалімдердің сабақтарына қатысты.

Және нәтижесі бойынша мұғалімдердің барлығы да қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруда.

Алекс Рапп айтқандай, сабақты зерттеу кәсіби тұрғыдан өсуге берілген тамаша мүмкіндік,сонымен бірге топта бірлесіп жұмыс істеудің тамаша жолы. [1, б. 58]

Сабақты зерттеуді «Зерттеушілер» тобы ұйымдастырды. Сабақты зерттеудің бір айналымы төрт кезеңнен тұрды. Сонымен қатар, дейінгі және кейінгі отырыстар өткізілді. Сабақты зерттеуді өткізуде пән мұғалімі мен бақылаушылар негізгі қызметті атқарды. А оқушысын өзім, В оқушысын тәлім алушым, ал С оқушысын тиімді оқыту ұстазы бақылады. Сабақ жоспарлары кейінгі отырыстарда әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтағаннан кейін әзірленіп отырылды. Отырыстарды өткізуде уақытты тиімді пайдалану үшін үйлестіруші тағайындалды. Аталған тәсіл оқушылардың уәжін кері байланыс арқылы арттыруда зор әсерін тигізді. Бірлесе отырып әзірленген жоспардың сәтті жақтары А,В,С оқушыларының сабақ барысындағы іс-әрекеттерін бейне жазбадан көру арқылы тиімді әдістер таңдаудың оңай болғаны. Және мұғалімдер бөлінген міндеттеріне деген жауапкершіліктері, бірлескен ортада жұмыс жасау дағдыларының артқандығы байқалды. Сонымен қатар, сыйластық пен сенімнің пайда болуы, бір-біріне қолдаушы, бағыт беруші, көмекші ретінде қараулары.

- знание сущности и технологии основных методов исследования;
- умение видеть проблемы;
- навыки постановки вопросов;
- умения выдвигать и четко формулировать гипотезы;
- способность классифицировать наблюдаемые явления;
- степень овладения навыками проведения экспериментов;
- способность формулировать выводы и умозаключения;
- библиографические знания и умения (работа с первоисточниками, со справочной литературой);
- способность анализировать явления и факты;
- умения ставить задачи и находить их решение;
- готовность к разработке и проведению эксперимента;
- умение производить расчеты, обрабатывать и обобщать результаты.

Содержательно – операционная составляющая вектора развития исследовательской практики ориентирован на формирование целостного представления о современных новациях в сфере педагогической деятельности (в отечественной и мировой практике), владение научной информацией в широком поле разных типов и видов нововведений.

Согласно содержательному наполнению ценностного компонента исследовательской практики педагогов мотивированность на исследовательскую работу, эмоционально-ценностное отношение к изучаемым явлениям образовательной практики, готовность и желание использовать систематизированные теоретические и практические знания для постановки и решения исследовательских задач, а также самостоятельность в процессе познания, принятия решений и их оценки – это ведущие факторы содержательно-операционной составляющей вектора развития исследовательских качеств педагога.

Знание педагогических идей, теорий и систем — основа для понимания генезиса эволюции и развития конкретных педагогических проблем, динамики и характера обновления понятийно-терминологического аппарата педагогической науки, отличий научного от других способов отражения педагогической действительности, в частности — художественно-образного отражения как объективно-субъективного кредо автора. Освоение истории и логики развития педагогического знания, развитие концептуально-критического мышления позволят педагогу сориентироваться в самостоятельном выборе педагогической идеи, концепции или системы в качестве основы совершенствования и преобразования образовательной практики.

Инструментально-технологический аспект вектора позволяет объективно оценивать уровень и качество исследовательской компетентности и степень научной активности педагогов. Инструментально-технологический элемент исследовательской практики педагогов представляет собой набор методов, методик, приемов и технологий организации инновационной деятельности и научного исследования по психолого-педагогическим проблемам. Что получит педагог в результате освоения основ исследовательской деятельности? Прежде всего: педагогические, общенаучные и философские знания, методологическую рефлексию, ресурсы научного поиска, способность творческого применения методов исследования, умения и навыки ведения учебно-исследовательской и научно-исследовательской работы, способность формулирования и решения педагогических задач.

В основе вектора лежит задача способам разработки и освоения новшеств в педагогической практике, освоение методов и критериев оценки эффективности инновационных процессов, подведение к научно-обоснованному выбору путей и способов совершенствования педагогической практики.

Рефлексивно-аналитическая деятельность современного педагога обеспечивает системное осмысление инновационных процессов в педагогической деятельности, понимание тенденций и свойств его развития, идей и источников инновационных процессов.

Рефлексия в практике педагога-исследователя позволяет осуществлять самооценивание, самопознание, самопрогнозирование, осуществлять контроль и самоконтроль за процессом и результатом деятельности, сопоставлять полученные результаты с запланированными действиями и их коррекцию.

Рефлексия для педагога выступает в качестве особого предмета анализа, осмысления оценки. Так как решение практических задач, возникающих в конкретных педагогических ситуациях, требует непосредственного включения в процессы реального взаимодействия с ситуацией, явлением, учащимися, тогда эти процессы сами становятся предметом исследования. Рефлексивно-аналитическая деятельность является сквозной в профессиональной деятельности учителя. Они проявляются:

- в процессе диагностики того или иного состояния, практического взаимодействия субъектов образовательного процесса, когда педагог стремится адекватно понимать и целенаправленно регулировать действия, анализ и синтез, обобщение и систематизацию полученных данных, обратной информации;

- в процессе проектирования педагогической деятельности, когда педагог разрабатывает цели обучения, воспитания и развития обучающихся, выстраивает стратегические и тактические шаги по конструированию путей их достижения;

- в процессе самоанализа и самооценки педагогом собственной деятельности.

С позиций вектора развития исследовательских качеств педагога собственно практику исследователя мы рассматриваем как осведомленность, наличие знаний, как результат познавательной деятельности человека в определённой области науки, владение инструментарием методологического познания явлений в образовательной практике, умением использовать методы и приемы исследовательской деятельности, иметь активную позицию исследователя, быть мотивированным на преобразующую

деятельность, на стремление вывить причинно-следственные связи, критически мыслить, владеть интеллектуальным потенциалом и научным кругозором [3, с.16].

Ряд ученых-психологов, рассматривая личность педагога-исследователя, утверждают, что ему должны быть характерны следующие качества: самостоятельность и инициативность, умение преодолевать стереотипы. Здесь также необходимо отметить потребность высокого уровня самооценки, чтобы педагог мог порождать идеи, а не ждать их извне. Следует правильно осознавать свой творческий потенциал, а не только обладать им. Ведь в основу исследовательской практики педагога заложены такие действия, как целенаправленно наблюдать, сравнивать, обобщать, выдвигать и доказывать гипотезу и др. [4, с.54].

Таким образом, на основании вышеизложенного, к векторам развития исследовательских качеств педагога предъявляются достаточно высокие требования, которые проявляются в исследовательском поведении, когда педагог не просто активно реагирует на происходящие глобальные изменения в системе образования, но и обладает потребностью находить ранее им неизведанное. Именно позиция активного, созидющего, открытого новому опыту и готового выходить за пределы имеющегося уровня представлений о личностных смыслах, профессиональной деятельности, делает исследовательскую практика педагога значимой, эффективной и результативной.

Литература:

1. Турдиева Р. У., Кенжаев А. Л., Юсупова Ф. М. Исследовательская деятельность как одна из форм профессиональной самореализации педагога // Молодой ученый. — 2015. — №10. — С. 1317-1319.
2. Бережнова Е.В., Краевский В.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов. – М., 2005. – 185 с.
3. Хуторской А.В. Эвристическое обучение: теория, методология, практика.-М.: Педагогический поиск, 1998.-272с.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ - БҮГІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Хамзина Кулшат Бакытжановна
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ
Педагогика кафедрасының аға оқытушысы,
педагогикалық ғылымдар магистрі,
Қостанай қ.
E-mail: Hamzina_67@mail.ru
Шайхығали Талғат Алпысұлы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті
Қостанай қ.
E-mail: sh.talgat.01@gmail.com

Аннотация

Өзектілігі. Бұл мақалада тек педагогикалық зерттеу әдістері ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі «Ұмыт қалып бара жатқан ұлт зиялылары» жайлы да сөз болады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті өкілдерінің қазаққа жасап кеткен игі істері туралы да айтылады. Ұлттық интеллигенцияның мұрасы - бүгінгі күні ғана емес, ертең де ең қажетті мұра. Сондықтан әрбір Алаш қайраткерінің тұлғасы - бұл ел үшін де, біздің тіліміз үшін де, менталитет үшін де, дін үшін де қасиетті тұлға.

Мақсаты. Педагогикалық зерттеулер жүргізе отырып, оның қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың есімдерін ұмытпау. Қазіргі уақытта Қазақстанда қазіргі жастардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығының төмендеу үрдісі байқалуда. Сол себепті қазақ әдебиетіне деген қазақ жастарының қызығушылығын ояту.

Аннотация

Актуальность. Данная статья посвящена не только педагогическим методам исследования, но и «исчезнувшим интеллектуалам нации» в казахской литературе. В то же время речь идет о благородных приемах представителей казахской литературы к казахам. Наследие национальной интеллигенции-самое необходимое наследие не только сегодня, но и завтра. Поэтому личность каждого деятеля Алаша-это священная личность как для страны, так и для нашего языка, для менталитета, для религии.

Цель. Проводя педагогические исследования, не забывать имена лиц, внесших значительный вклад в его становление. В настоящее время в Казахстане наблюдается тенденция снижения интереса современной молодежи к казахской литературе. Вот почему пробуждение интереса казахской молодежи к казахской литературе.

Abstract

Relevance of the article. This article is devoted not only to pedagogical research methods, but also to “disappeared intellectuals of the nation” in Kazakh literature. At the same time, we are talking about the noble receptions of representatives of Kazakh literature to the Kazakhs. The heritage of the national intelligentsia is the most necessary heritage not only today but also tomorrow. Therefore, the personality of each figure of Alash is a sacred person both for the country and for our language, for mentality, for religion.

Purpose of article. Conducting pedagogical research, do not forget the names of persons who have made a significant contribution to its formation. Currently in Kazakhstan there is a trend of reducing the interest of young people to the Kazakh literature. That is why the awakening of the interest of Kazakh youth in Kazakh literature.

Түйінді сөздер: Педагогика, мұғалім, әдебиет, Алаш зиялылары, болашақ, зерттеушілік, кәсіби даму, білім беру.

Ключевые слова: Педагогика, учитель, литература, Алашская интеллигенция, будущее, исследование, профессиональное развитие, современное образование.

Keywords: Pedagogy, teacher, literature, Alash intelligentsia, future, research, professional development, modern education.

Егеменді елдің ертеңгі оқу-білімінің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім берумен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың басты міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру – ешқашан күн тәртібінен түспейтін мұғалімдерге қойылатын басты талаптардың бірі.

Тереңнен толғасақ, Алаш зиялылары аумалы-төкпелі кезеңде, «қазақ халқы келешекте жер бетінде өмір сүре ме?» деген сұрақ туындаған дәуірде өмір сүріп, халқының болашағы үшін бастарын бәйгеге тікті. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың руханиятында қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

Қазақ тілінің жанашырлардың бірі Ә. Бөкейхановтың «Мұсылман съезі» атты мақаласынан, оның ұлттық ана тілге деген махаббаты анық байқалады. Автор мұсылман съезінің заңындағы мекемелерде қағаз татарша жазылсын деген шешімге үзілді-кесілді қарсы шығып: «Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біздің кітап жазып, газет, журнал шығара бастағанымызға осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта», – деп Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, т.б., барлығы 18 өлеңді мысалға келтіріп – «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, «Тарғыннан» һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деп жазады [1.80 б].

Алаш Орданың бүгінгі қазақ педагогикасына, қазақтың қазіргі тұрмысына, қазақтың болашағына тигізген үлесі орасан зор.

-*Біріншіден*, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арнайы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады.

-*Екіншіден*, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды.

-*Үшіншіден*, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өне бойы отаршылдықта өткен ХІХ ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді. А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»*-деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тіл екендігін алғаш аңғартты.

-*Төртіншіден*, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты.

-*Бесіншіден*, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды.

-*Алтыншыдан*, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ аудармасының негізі қаланды.

-*Жетіншіден*, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ съездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады [3.56].

Алаш Орданың жетекшілері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы бастаған бірнеше ұлт зиялыларынан тұрды.

Қазіргі педагогика, қазақ педагогикасы жайлы айтар болсақ, тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі - білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Біздің ойымша, ең алдымен қазақ тілі барлық саладағы жетекші тілге айналуы керек. Сонда тіл жетіледі, ысылады, ұшталады. Кейде: «Қазақ тілі дамыған, оны дамыту қажет емес, тек қолдану керек» деп жатамыз. Тіліміздің бай, икемді, бейнелі екендігін бәріміз білеміз. Дегенмен толық абсолютті дамыған тіл болмайды. Тарихтың әрбір дәуірінде бұрыннан бар сөздердің жаңа ұғымдармен толығып, ауыспалы көркем мағыналар туып, солардың негізінде жаңғырып тұратыны белгілі. Сонымен бірге сөздердің өзара тіркесу мүмкіндігі артып, жаңа сөз тіркестері, оралымдар да жасалып жатады. Оны бүгінгі өмірімізден көріп отырмыз. Тілдің даму үдерісі тоқтамайды. Егер ол тоқтаса, ол тіл заман талабынан кенжелеп қалады. Тілдегі бұл үдерістердің туындауы, әлбетте, қоғамдық өзгерістермен тікелей байланысты. Шынында да, солай. Мұны сонау ХХ ғасырдың басында Алаш зиялылары тереңнен түсінген.

Қазіргі уақыттағы мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері жайлы тоқталып кетуімізге болады. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы мұғалімнің тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Мұғалімнің қызметі өте күрделі, әрі көп салалы. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы талапқа орай ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, студенттің жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арын таза ұстау - әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, оқу орнын шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация оқытушысы - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі [2.118 б].

Мұғалімнің маңызды қасиеттерін білдік, ал енді сабақты зерттеу әдісі дегеніміз не? Ең біріншіден, сабақты зерттеу әдісі, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігі, екіншіден, оқытушылардың білім сапасын арттырудың бірден бір жолы екендігі белгілі. Қай кезде де мұғалім мектептегі негізі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен

меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби құзіретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес [4. 3 б].

Мұғалімнің зерттеушілік қызметі арқылы оқытуды тәрбиемен ұштастыра жүргізуде Алаш зиялыларының ұлт үшін атқарған қызметін байланыстыруға болады. Біріншіден, Алаш арыстары қалаған бейбіт күнді біз көріп жатырмыз. «Не жеймін, не киемін?» деген сұрақтар бізді ойландырмайды. Білім алу жолындағы барлық жағдай жасалған. Тек қана еріншектік пен жалқаулықтан арылып, өзімізге қажетті әрі сапалы білім алуға тиіспіз. Алаш арыстары аңсаған азаттықтың ақ таңын біз әр күн сайын атырудамыз. «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп елінің келешегіне алаңдап өткен Алаш зиялыларның қайсыбірі болмасын ең жоғарғы атаққа лайық. Өкінішке орай, біз Алаш зиялылары дегенде, бірінші Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды арыстарды ғана есімізге түсіре аламыз. Алаш үшін басын бәйгеге тіккен көп арыстарымыздың есімі әлі күнге дейін белгісіз. Ел үшін жасалған еңбекті ұмыт қалдырмау үшін. әрбір мұғалім өзіндік оқыту әдістемесі арқылы өз үлесін қосуы қажет. Ол үшін мұғалімнің зерттеушілік қызметі қандай пәнде болмасын сабақты зерттеу арқылы, оқушылардың оқуын дамытуына, және педагог ретінде кәсіби өсуіне жол ашады.

Қазақтың мәдени-рухани дамуына тұңғыш болып үлес қосқан тұлғалар туралы не білеміз? Мұғалімнің зерттеушілік қызметі арқылы, қазақтан шыққан тұлғалар жайында қарастырып, олардың жасаған үлгі істерін жас ұрпаққа көрсете отырып, олардың бойындағы ел мен жердің тарихына деген сүйіспеншілігін оятуымыз керек. Ел мен жерін сүйген бала, түбі ел мен жер үшін қызмет ететін, ұлағатты ұрпақ болары сөзсіз. Ал, енді еліміздегі ең бірінші тұлғалар жайлы қысқаша тоқталып, оларды қалайша балаларға түсінікті әрі қызықты етіп сабақ өткізе аламыз? Біріншіден, олардың болашағына үлкен сеніммен қарау. Ұстаз бен шәкірт арасында тығыз байланыс болуы қажет.

Осы орайда 2019 жылдың 29 қазаны күні Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері арасында Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығына арналған «Ыбырай ізімен» атты интеллектуалды квест өткіздік.



Интеллектуалды квест барысында студенттер 2 топқа бөлінді:

1 станция. «Кім тапқыр?»

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар.

Ойынның шарты: Әр топ 5 сұраққа дұрыс жауап беру арқылы квесттің келесі станциясына жолдама алады.

2-станция. «Мен арнаймын өлеңді»

Ойынның шарты: 1. Ы.Алтынсарин туралы 2 шумақ өлең шығару

2. Ы.Алтынсарин туралы баяндама жасау

3-станция. «Актерлік шеберлік»

Ойынның шарты: Студенттер екі топқа бөлініп Ы.Алтынсарин әңгімесінен көрініс көрсетеді. Дайындыққа 5 минут беріледі.

1- топ

«Жаман жолдас»

Әр кезең бойынша топ студенттері өздерінің өздерінің зерттеушілік дағдыларының жоғары дәрежеде қалыптасқандығын және дарындылықтарын әр тапсырма барысында өлең шығару, көрініс көрсетуде актерлік шеберліктерін жоғары дәрежеде ұйымшылдықпен көрсете білді.

Себебі, әр оқушы – жеке тұлға. Олар әрбір күн сайын дамып отырады. Оқушыларды жігерлендіру, оларға болашақ мамандықтары үшін үлгі болатын тұлғаларды дәріптеуіміз қажет. Мысалға, қазақтан шыққан тұңғыш профессор – Санжар Асфендияровты ерекше айтуымызға болады. Одан кейін білім беру саласында Социалистік Еңбек Ері атағын алған тұңғыш қазақстандық – Рафиха Бекенқызы Нұртазина жайлы айтпай кетуге болмайды. Сабақ беру әдістемесі бойынша 200-ден астам еңбектің авторы атанған тұлға. Тұңғыш қазақ кәсіби дәрігері Мұхамеджан Қарабаев және Кеңестер Одағында арнайы жоғары білім алған тұңғыш қазақ қызы Аққағаз Досжанова сынды тұлғалардың есімін бүгінгі ұрпақ мәңгі жадында сақтауы тиіс деп ойлаймыз [5. 4 б].

«Білеке сенген заманда – ешкімге есе бермедік,

Білімге сенер заманда,

Қапы қалып жүрмелік» - деген, ұлы көреген Абылайхан атамиздың ой-тұжырымы қазіргі уақыттағы еліміздің білім беру кеңістігіндегі көтеріліп отырған мәселелерді шешуге батыл кірісу басты мақсатымыз екендігіне бағыт береді.

Әдебиет тізімі:

1. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы.» Смағұлов Ж. Астана, Фолиант, 2017.
2. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе. » А.Е.Берикханова. Алматы, 2015 жыл.
3. e-history.kz
- 4.«Сабақты зерттеу әдісі - жаңашыл мұғалімнің шыңдалуы». Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің «№3 орта мектебі» КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі Жолдыбаева С.М.
5. <https://yvision.kz/>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҒЫН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУЫН ДАМЫТУ

Хамзина Кулшат Бакытжановна
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ
Педагогика кафедрасының аға оқытушысы,
педагогикалық ғылымдар магистрі,
Қостанай қ.
E-mail: Hamzina_67@mail.ru
Маханбетов Касым
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті
Қостанай қ.
mahanbetovkasym@gmail.com

Аннотация

Мақала жаһандану дәуіріндегі шексіз ақпараттың дамыған заманындағы өсіп келе жатқан жас ұрпаққа сапалы білім беру, жетілдіру, дамыту және осы мақсатты жүзеге асыратын негізгі құрал – сабақты зерттеу немесе lesson study туралы мәселелерді қамтиды.

Аннотация

Статья включает в себя вопросы, связанные с обучением, совершенствованием, развитием подрастающего поколения в эпоху развития неограниченной информации в эпоху глобализации, а также изучение урока – основного средства, реализующего эту цель, или lesson study.

Abstract

The article includes questions related to learning, improvement, development of the younger generation in the era of unlimited information in the era of globalization, as well as the study of the lesson-the main means of realizing this goal, or lesson study.

Түйінді сөздер: сабақты зерттеу (lesson study), мұғалім, педагогика, зерттеушілік

Ключевые слова: исследование урока (lesson study), учитель, педагогика, исследование

Keywords: lesson study, teacher, pedagogy, research

XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау бағытында Қазақстан жоғарғы оқу орындарының міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін шәкірттер мен мамандарды қазіргі қоғам үрдісіне сай инновациялық технологиялармен білім беру негізінде меңгерту қажет.

«Қазақ мектептері – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім берілетін болсын. Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейсе, ол бүкіл халыққа әсер ете алады»-деп Ыбырай Алтынсарин сол кездің өзінде қазіргі бәсекеге қабілетті, дамыған елдердің қатарына кіруге ұмтылып отырған елімізге осы мақсатқа жетудің ең басты құралын көрсетіп кеткен. Осыған орай «Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді»-деген елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзі қазіргі таңдағы еліміздің негізгі басымдылықты оқуға, білімге бергендігін айғақтайды [1].

Елдің болашағын ойлайтын, әрине, жастар, ал оларды білімді, өнегелі, ұлтжанды қылып тәрбиелеу үшін, тамыры тереңге кеткен тәрбие мен білімді мектеп табалдырығын аттағаннан бастап қолға алу қажет. Ал бұл дегеніміз тиісінше мұғалімдерге үлкен жауапкершілік болып табылады, әрі олардың алдына қойылған үлкен міндет. Себебі, мектеп, мектептегі түрлі іс-шаралар, өткізілген сабақтар баланың жан-жақты дамып, жетілуіне тікелей әсер етіп, өздігінен ізденіп әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сондықтан да мектептерімізде жаңаланған, тиімді, оқушыларға әсер

етуші оқыту жолдары, тәсілдері жүргізілгені дұрыс. Осы орайда сабақты зерттеу тәсілі талқыланатын болады.

Әлемдік деңгейде қолданылатын Lesson Study, яғни сабақты зерттеуге қысқаша шолу жасайтын болсақ, бұл тәсіл XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда тәжірибені жақсарту және жетілдіру мақсатында пайда болған. Сабақты зерттеу тәсілі Макота Йошида Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда жаңа тәсілдің таныстырылымын жасағаннан кейін, Жапониядан тыс жерлерде 2007 жылдан бастап танымал бола бастады. Аталған елдердің зерттеушілері жапондық ғалымдардың халықаралық зерттеу аясында көрсетілген академиялық жоғары жетістіктеріне ықылас танытты. Йошида бұл жетістік Сабақты зерттеу тәсілінің жапон мектептерінде кеңінен қолданылуынан болып отыр дегенді алға тартады. Сондықтан қазіргі кезде Шығыс Азияның бірқатар елдерінде Сабақты зерттеу мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде белсенді енгізіліп жатыр [2].


Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Батыста Lesson Study америкалық зерттеушілер жапон мұғалімдерінің жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ АҚШ-тың оқушыларымен салыстырғанда жапон оқушыларының білім деңгейлері анағұрлым жоғары болуын қамтамасыз ететін белгілі бір пәнді оқыту саласында да білімдері жоғары екендігін дәлелдегеннен кейін осы ғасырда ғана танымал бола бастады (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999). Қазіргі уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда. Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады [3].

«Сабақты зерделеудің бағалау тәсілі: Лондон мектептерінде Сабақты зерттеудің әсерін зерттеу» атты мақалада Ұлыбританияның Лондон қаласында жүргізілген арнайы зерттеудің нәтижесін сабақты зерттеу тәсілінің тиімділігіне дәлел ретінде қарастырып, оны былай баяндайды: «Бағалау Құралдары 133 мұғалім мен 33 мектептің қатысуымен Лондондық мектептерде сабақтарды зерттеуге ықпал ету үшін бағдарламада қолданылды. Бағалау әдіснамасы мектеп басшылығы, мұғалім және оқушы деңгейіндегі нәтижелерді қамтыды. Ішкі және сыртқы валидтік мәселелері, сондай-ақ күшті және әлсіз жақтары талқыланады. Нәтижелер мұғалімдердің педагогикалық нәтижесіндегі өзгерістерді өлшеу және мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де сабақты зерттеу циклдерінің нәтижесінде сапалы өзгерістерді тіркеу үшін біздің шкаланың болашағы зор пайдаланылғанын көрсетті. Студенттер үшін оқу нәтижесіндегі өзгерістерді тіркеу үшін бақылау топтары мен сандық шараларды неғұрлым тиімді пайдалануды қоса алғанда, осы әдіснаманы болашақ пайдалану және дамыту бойынша ұсыныстар ұсынылды» [4].

Lesson Study тәсілін пайдаланатын көптеген адамдардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастаймыз. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, Lesson Study мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік

береді. Менің зерттеулерім (Dudley, 2011b) Lesson Study-дің рефлексивті, қайталамалы және бірлескен тәжірибесі күрделі оқу ақпаратын іріктей алатын тәжірибелі ұстазға екінші дәрежелі ақпаратты елеп тастап, тек қажеттісін ғана іріктеп алуға көмектесетіндігін көрсетіп отыр. Бұл оқу ақпаратының қадағаланатын оқуға тікелей қатысты бөлігін ғана басқаруды қамтамасыз етеді, басқа жағдайда ақпараттың дәл осы бөліктері қажетсіз болар еді. Lesson Study тәсілі мұғалімдерге олардың өмір бойғы тәжірибесі тек жоғарыда аталған сүзгіні іске қосқанда ғана жетістіктікке жету мүмкін болады дейтіндігіне қарамастан, оларға осы сүзгіні өшіріп тастауға үйренуге көмектеседі.

Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды



1-сурет. Lesson Study циклдері (Дереккөз: Бетлехем университеті, «Оқытумен оқудағы шеберлік орталығының» оқу құралы: Lesson Study, Dudley, P. (2011)) [5].

Қазіргі таңда LS-ті қолданысқа енгізіп отырған мектептердің бірі Қостанай облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернаты болып табылады. Осы лицейге арнайы келіп, сабақты зерттеу тәсілін қолданып жатқандағы жұмыс барысын, жоспарын, жұмылдырылған мұғалімдердің саны мен 2019-2020 оқу жылының бірінші тоқсандық қорытындысы бойынша оқу үлгерімі төмен болып, арнайы назарға алынған оқушылар саны, сондай-ақ қолданысқа енгізгеннен бергі аз уақыттың ішіндегі нәтижелер туралы ақпарат алдым. 06.11.2019 жыл №2 педагогикалық кеңес қаулысы бойынша мектептің 2019-2020 оқу жылындағы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша білім көрсеткішін талдау жасау арқылы оқушылардың білім сапасын жетілдіруде, арттыруда сабақты зерттеу әдісін жүйеге енгізу бойынша қаулы қабылдады. Оған жауапты топ құрылды. Ол топқа төрт адам кіреді, олар: қазақ тілі, шет тілі, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша, қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілері кіреді. Уақыты қаңтар-ақпан айына дейін осы топ зерттеу әдісінің қорытындысын осы топ педагогикалық ұжым алдында жариялауға міндетті болады.

Лицейдің оқу ісі жөніндегі орынбасары баяндауына сәйкес алғашқыда ағымдағы оқу жылының бірінші тоқсанында бір үштік немесе бірнеше үштік бағалары болған оқушыларды таңдап, оларды жауапты топқа толықтай таныстырды. Сабақтарға

қатысып, жұмыс барысы қадағаланды. Әдістің тиімділігі не тиімді еместігі қаралды. Сабаққа кірген жауапты топтың құрамындағы мұғалімдердің ойы бір арнаға тоғысып, сабақта белсенділік танытпай отырған оқушыны пән мұғаліміне ескерткен, және пән мұғалімі де жауапты топпен келісіп, белсенділік танытпаған оқушыны өзінің практикасына енгізді. Кейін мұғалім қолданылған әдістің аз ғана уақыттың ішінде оң нәтижесін беріп, оқушының сабақта белсенділігінің артып, сабаққа деген қызығушылығы ояңғанын айтты.

Lesson study, яғни сабақты зерттеу-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді.

Әдебиет тізімі:

1. E1.kz/news, Елбасының Жастарға арнап айтқан 1000 сөзі, 06.09.2012 жыл.
2. Пит Дадли, Lesson Study: Нұсқаулық.
3. «Professional Development in Education» журналы, 45 Том, 2019-2 Шығарылым
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Мұғалімге арналған нұсқаулық I (ілгері) және II (негізгі)-2014ж.
5. «Оқытумен оқудағы шеберлік орталығының» оқу құралы: Lesson Study, Dudley, P. (2011)

Сабақты зерттеуден оқушылардың білімін жетілдіруге дейін

Шалгимбекова Алия Батырхановна
ҚМПУ педагогика ғылымдары кафедрасының аға оқытушысы, доцент
Салыкова Әсел Дарияқызы,
п.ғ. магистрі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қостанай қ.
E-mail: asek_03@mail.ru

Аннотация

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны - жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Заманауи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты - бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру.

Аннотация

Главная задача современной школы - раскрытие способностей каждого ученика, воспитание личности, готовой к жизни в высокотехнологичном мире.

Целью каждого учителя в современной школе является повышение его профессиональных навыков в соответствии с современными требованиями.

Abstract

The main task of the modern school is the disclosure of the abilities of each student, the education of a person who is ready for life in a high-tech world.

The goal of every teacher in a modern school is to increase his professional skills in accordance with modern requirements.

Түйінді сөздер: білім беру, жас ұрпақ, сабақты зерттеу, тәжірибе алмасу, әдіс-тәсіл.

Ключевые слова: образование, молодое поколение, учеба, обмен опытом, методология.

Keywords: education, young generation, study, exchange of experience, methodology.

Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек.
М. Жұмабаев

Еліміздің болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны - жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Заманауи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты - бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. Сол себепті әр ұстаз өз кәсіби шеберлігін әріптестермен тәжірибе алмасу, семинар, тренингтерге қатысу және «Сабақты зерттеу» үрдісін жүзеге асыру арқылы арттырып отырады.

«Сабақты зерттеу» үрдісінің түйінді сипаты кретивтілік пен ғылыми дәлдік болып табылады. Креативтілікті оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс

істейтін мұғалімдердің істерінен көруге болады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді.

Lesson Study әдісі мұғалімнің практикалық білімінің дамуына бағытталған сыныпты зерттеу нысандарының жоғарғы түрі әрі мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсіл болып табылады және бірнеше қадамдардан тұрады. Lesson Study - ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі. Зерттеу сабақтарынан кейін мұғалімдер өздерінің педагогикалық әдістерін жаңартады, өзгертеді. «Сабақты зерттеу» үдерісі барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. Шағын топтарда жұмыс істеу арқылы ұстаздар бірлесе жұмыс жасауға, оқу мақсатын бірлесе талқылауға, сабақты жоспарлауға, сонымен қатар тәжірибеде қалай жүзеге асып жатқанын бақылауға, зерттеу қорытындысын қарастырып, оны жариялау арқылы басқа ұстаздарға бұл үдерістің тиімділігін көруге мүмкіндік береді [4]

«Сабақты зерттеу» - ол:

- әріптестерге қолдау көрсету;
- әріптестер арасында тиімді өзара қарым-қатынас дағдысы;
- білім беру үдерісінің негізін түсінуге мүмкіндік беретін кәсіби үдеріс болып табылады.

Сабақты зерттеу үдерісі арқылы мұғалімдер бірлескен жұмыстар атқарады, сабақты жоспарлайды, түзету жұмыстарын жүзеге асырады, тиімді әдістер мен стратегияларды таңдайды, бақылайды, сабаққа сараптама жасайды, АВС оқушыларын, барлық сыныптың оқуын бақылауға, зерттеу нысанындағы оқушылардан «Оқушы үнін» тыңдауға, сабақта қолданған әдістердің қаншалықты тиімді болғанын білуге мүмкіндік алады.

Мына қағидалар «Сабақты зерттеу» үрдісін жүзеге асыру үшін басты назарға алынады:

- топ мүшелері бір-бірімен сыйластық қарым-қатынаста болады;
- зерттеудің түйінді идеяларының келісіліп алынуы, Нені,кімді оқытамыз?
- әдебиеттерді зерделеу,
- қандай сынып және қандай «үш бақылаудағы оқушы» үлгерімі жоғары, орташа, төмен
- зерттеу сабағын жоспарлайды, жоспарда «бақылаудағы оқушылардың» сабақта өтілетін материалды игеруіне ерекше мән беріледі,
- «бақылаудағы» үш оқушыны қадағалайды, қажет деген жерлерін белгілеп, түртіп алып отырады,
- зерттеу сабағы туралы олардың пікірін түсіну үшін бірнеше оқушымен сұхбат жүргізеді,
- зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізеді. [(МАН. 47-486)]

«Сабақты зерттеудегі» тәсіл - мектептегі ұстаздар қауымының бірлесе жұмыс жасауына мүмкіндік беретін ең тиімді тәсіл. Өз тәжірибемде де «Сабақты зерттеу» үдерісін жүзеге асырмас бұрын, коучингтерде осы үдеріс жайлы таныстырылым жұмыстарын іске асырдық, осы жұмыстар негізінде ұстаздар қауымы бұл үдерістің тиімділігін байқады. Содан кейін осы үдерісті жүзеге асыратын топ мүшелері анықталып, топ құрылды. Топ мүшелерінің келісімімен қай сынып және қандай оқушылар бақылауға алынатыны анықталды. Lesson Study тобы зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтап алғаннан соң әр пән мұғаліміне негізгі нысандарды анықтау міндеттелді.

Lesson Study нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық және оқушыларымыздың оқу үдерісіне толыққанды қатысуына ықпал ете білдік. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушылардың сұрақтарға толық

жауап беруіне, ояларын ашық айтуына дағдыландырдық. Болашақта осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушыларымыздың білім, білік дағдыларын арттырамыз. Талантты және дарынды оқушыларға күрделенген тапсырмалар беруге ізденеміз.

Осы орайда, мектебімізде «Сабақты зерттеу» әдісін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап, топ құрдық. «Сабақты зерттеу» әдісін жүзеге асыру үшін топ мүшелерімен ақылдаса келе, «Жигсо әдісін топтық жұмыста тиімді пайдалану» тақырыбы бойынша 6 «Б» сыныбында жүргізуді жоспарладық. Бұл сыныпты алу мақсатымыз, сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс жасағанда қиындықтар кездесіп жүрді, сол олқылықтарды жою және жекелеген оқушылардың сабаққа белсенділіктерін арттыру болды. Жалпы сыныптың білім сапасы да төмен деңгейде –26,7 % құрайды, сыныптың белсенділігі мен бәсекелесе, жарыса оқу деңгейі орташа. Сондықтан «Жигсо» әдісі арқылы сыныпта оқу мен оқыту үрдісінде белсенді, бәсекелестік атмосфера тудыру, пәнге қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру.

«Сабақты зерттеу» тобы сынып оқушыларымен сауалнама жүргізу арқылы «Оқушы үшін» есепке ала, зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтады, жоспары құрылды. Әр топ мүшесіне «Сабақты зерттеу» әдісінің қадамдарына сәйкес бақылау парағын толтыру, АВС оқушыларын белгілеу, сабақты талдау бойынша хаттама жүргізу жұмыстары бөлінген көшбасшылық принциптеріне сай бөлінді. Зерттеу тақырыбына сай «Жигсо әдісін қолдану арқылы топтық жұмыста оқушылардың белсенділігін арттыру» мақсаты көзделді. Күтілетін нәтиже мен табыс критерийлері белгіленді. Мұғалімдер үшін: Жигсо әдісін тиімді қолдана алу дағдысын жетілдіру; 7 модульді ықпалдастыра қолдану арқылы кәсіби білім сыныптың білім сапасын көтеру. Оқушыларға: Жигсо әдісі арқылы топтық, жұптық жұмысқа белсене қатысу мүмкіндігін жасау; мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Жигсо әдісі үй тапсырмасын тексеруде, жаңа сөздермен танысуда қолданылды. Әрқайсысы өз деңгейлері жеткенше тапсырманы қызығушылықпен орындап отырды. Бақылауда болған оқушылар күтілген нәтижеге сай жұмыс жасағандары байқалды. Топ мүшелерімен сабақты талдау барысында оқушылардың пікірлерін ескере отырып, жаңа тақырыпты өз беттерімен меңгеру үшін тақырып бойынша қажетті сөздерді табу тапсырмасы жоспарланды. Себебі, оқушылар тақырыпты өз беттерімен талдап, бір-бірімізге өзіміз түсіндірсек деген ұсыныс жасаған болатын. Жаңа тақырыпты меңгертуде оқушылар Жигсо әдісі бойынша жұмыс жасады. Мәтінмен жұмыс белсенді диалог орнады, барлық оқушылар диалогқа қатысты. Әрине, кітапқа қарап айтқан, жеткілікті түсіндірмеген оқушылар да болды. Бақылауда болған С және А деңгейлі оқушылар табыс критерийлеріне жетте алды. Ал, В деңгейлі оқушы үй тапсырмасы бойынша күткен нәтижеге жете алмады, бірақ сабақтың қалған бөлімдерінде белсенді болды, дегенмен бұл оқушыда өз біліміне сенімсіздік байқалды. Сабақ соңында оқушылармен сұхбаттасқан кезде бақылауға алынған оқушылар сабақты меңгеруге Жигсо әдісінің тиімді болғанын айтты.

Әр сабақтан кейін топ мүшелері жиналып, сабақ талданып, келесі сабақтың жоспары бойынша кеңес өткізілді. Зерттеу тақырыбымыздың мақсатына сай «Жигсо» әдісінің тиімділігіне көзіміз жетті. Осы әдісті сабақта қолдануға дағдыландық, әсіресе, оқушылардың белсенділігінің артқанына куә болдық. Тәжірибедегі «белсенді емес сыныптың» мәселесі бірден шешілмейді, бірақ оқушыны топтық жұмысқа тарта отырып, ашық сөйлесу, пікірін тыңдау арқылы ортаға бейімдеуді және «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін үнемі дағдыға айналдырсақ, үнемі оқушы пікірімен санаса отырып, оларға ұнайтындай әдістерді қолдана отырып сабағымызды жоспарласақ ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелей аламыз деген ойдамыз. Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу болмаған еді. Сондықтан, «Сабақты зерттеу» әдісі ең

бірінші, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне, екіншіден, оқушылардың білім сапасын арттырудың бірден бір жолы бола алатынына көзіміз жетті.

Қорыта келе, аталған жұмыстар мектептер арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс шараларды жоспарлауға, жүзеге асыру және мониторингтерін жүргізу мақсаттарына қол жеткізді. Бірлескен жұмыс нәтижесі мұғалімдердің үздіксіз білім алуына, икемділік пен еркіндіктің болуына, бір шешімге келмейтін проблемаларды талқылауға, қолайлы ортада тәуекелге баруға ықпал ететін реформаның жүргізілуіне, зерттеулер нәтижесінде алынған білім құнды болып саналатын пікірлестер қауымдастығын құруды қамтамасыз етті. Жұмыстар барысында мұғалімдер бір-бірімен ашық, сенімді орта қалыптастыра отырып, көшбасшылыққа жағдай жасалды. Сабақты зерттеу тәсілінен соң әріптестерімізбен ой бөлісіп, зерттеу жүргізу барысында кездескен қиыншылықтарын ортаға салып, "қалай еткенде түзетуге болады?" - дегендей сұрақтарға жауап алды. Сабақты зерттеу тәсілі барысында әріптестеріміз көшбасшы бола білген, ынтамқтастық ортаны қалыптастыра білген, бағдарламаның негізін басшылыққа ала отырып, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, сыни тұрғыдан ойлау жұптық әңгіме, өзін - өзі реттеу, бірлескен оқу, сыни тұрғыдан ойлауды бағалау тапсырмалары бойынша барлығы жақсы жұмыс жүргізгенін байқадым.

Алдағы уақыттарда да әріптестеріміздің бұл әдістерді жан - жақты жандандыра түсетініне көзім жетті. Әр адамның ойлауы, ұйымдастыру әртүрлі болғандықтан әр сабақтар сан түрлі өткізілгенін ойыма түйдім. Осы жерде, « Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады» деген Выготскийдің сөзінің ақиқаттығына көзім жетті.

Болашақта осындай әдіс - тәсілдерді қолдана отырып өткен сабақтарымызбен оқушының білім, білік дағдыларын арттыруды көздеп отырмыз және үлгерімі "С" дәрежесіндегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап "В" дәрежесіне жеткізуге, "В" дәрежесіндегі оқушыларды "А" дәрежесіне жеткізуге тырысамыз. Талантты және дарынды оқушыларға күрделенген тапсырмалар беруде әлі де ізденуге жұмыстанамыз.

Қай кезде де мұғалім мектептегі негізі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби құзіретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес.

Әдебиет тізімі:

1. Кларин М.В. Әлемдік педагогикадағы инновация: зерттеу, ойындар, пікірталастар негізінде оқыту. Шетелдік тәжірибені талдау. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 бет.
2. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. түркістан қ. а.Ясауи атындағы ХҚту, 2010. – 113 бет.
3. Мағжан Жұмабаев /Педагогика 1992ж
4. Lesson-Study-нұсқаулығы_kaz
5. Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. Москва, 1991.

6. Республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық – психологиялық журнал №3/2014ж
7. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту./ Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.
8. Педагогика // Разработка диагностического комплекса для обследования речевого развития детей раннего возраста / Развитие речи в онтогенезе (1бет)
9. - / <https://bilim-all.kz/>
- <https://www.metod-kopilka.ru/>
- <http://zkoipk.kz/kz/2015smart2/1564-conf.html>

ГРАФИЧЕСКИЕ ОРГАНИЗАТОРЫ ИНФОРМАЦИИ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Шнарбаева Гульбану Кабдушевна,
Учитель русского языка и литературы
г.Костанай, ГУ «Средняя школа № 7
отдела образования акимата города Костаная»
E-mail: 112940@mail.ru

Аннотация

Бұл мақала әдебиет сабағында оқу стратегиясы ретінде қолданылатын мәліметтерді визуалды бейнелеуге арналған графикалық құралдарды зерттеуге арналған. Графикалық ақпаратты ұйымдастырушы ақпаратты жинауға, байланыстыруға және оны визуалды бейнелеп ұсынуға мүмкіндік беретін құрал. Ол ақпаратты жинауды немесе қосуды жеңілдететін идеялар мен тұжырымдамалар құрылымын қамтамасыз етуге арналған. Аяқтағаннан кейін ол презентация немесе оқу құралы ретінде қызмет етеді. Автор графикалық ақпаратты ұйымдастырушылардың негізгі түрлерінің классификациясын және оларды әдебиеттік оқу сабақтарына қалай біріктіруге болатындығын ұсынады.

Аннотация

Настоящая статья посвящена исследованию графических средств визуализации данных, используемых в качестве стратегии чтения на уроках литературы. Графический организатор информации представляет собой инструмент, который позволяет собирать, структурировать и представлять информацию визуально. Он предназначен для обеспечения структуры идей или концепций, облегчая сбор или добавление информации. Он служит презентацией или учебной моделью. Автор предлагает классификацию основных типов графических организаторов информации и рекомендации по способу их использования на уроках литературы.

Abstract

This article is devoted to the study of graphical data visualization tools used as a reading strategy in literature lessons. A graphical information organizer is a tool that allows you to collect, link and / or present information visually. It is designed to provide a structure for ideas or concepts, facilitating the collection or addition of information. Upon completion, it serves as a presentation or training model. The author offers a classification of the main types of graphic information organizers and recommendations on how to integrate them in literary lessons.

Түйінді сөздер: көрнекі (визуалды) ұйымдастырушылар, ақпараттық - коммуникациялық технологиялар, оқуды түсіну, оқу стратегиясы, әдебиеттер.

Ключевые слова: визуальные организаторы, информационно-коммуникационные технологии, понимание прочитанного, стратегия чтения, литература.

Keywords: visual organizers, information and communication technologies, reading comprehension, reading strategy, literature.

Согласно теории двойного кодирования Аллана Пайвио [1], люди обрабатывают информацию как в визуальной, так и в устной форме. Когда мы видим слово «книга», мы воображаем книгу, потому что у нас было много реального опыта с книгами. Когда мы изучаем новые слова или понятия, полезно попытаться сформировать мысленные образы для этих идей, чтобы усилить их значение.

